Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №90–91 (6769) 2 қазан, жұма, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+



ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ӘСКЕР
2-БЕТ



ОЛЖАСТЫҢ ОТТЫ ӨМІРІ
10-БЕТ



ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ
14-БЕТ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS

9 772223 237006



ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ – ҚАЗЫНАСЫ БАР

Қала әкімі ардагерлермен кездесті

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Халықаралық қарттар күніне орай қалалық Ардагерлер кеңесі төралқасының мүшелерімен кездесті.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов қалалық кеңестің қызметі туралы, ал Наурызбай аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мәдениет Кәркенов аудандық ұйымның жұмысы жөнінде баяндады. Дархан Сатыбалды аға буын өкілдерінің Алматының қоғамдық өміріндегі, жастар тәрбиесіндегі және ұрпақ сабақтастығын сақтаудағы маңызды рөлін атап өтті.

Қалада қарттарды қолдауға бағытталған бірқатар іс-шара жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, 2022 жылдан бері «Белсенді ұзақ өмір» жобасы қолға алынған. 2026 жылдың басынан бері қалалық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнеткерлерге 38 мыңнан астам қызмет көрсетті. «Алтын жас» бағдарламасы аясында 2026 жылы қаладағы 157 ұйымда 391 зейнеткер жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар, ардагерлер ұйымдарын қолдау жалғасып отыр. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ардагерлерді қолдауға бағытталған үш жылдық жоба жүзеге асырылып жатыр. Алматылық қарттарға әлеуметтік көмек, соның ішінде санаторий-курорттық ем ұсынылады. Жыл басынан бері бұл мүмкіндікті 472 зейнеткер пайдаланды.

Кездесуде Ардагерлер кеңесінің қоғамдық бастамаларды жүзеге асырудағы рөліне де ерекше назар аударылды. Кеңес өкілдері жас ұрпақты патриоттық және рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге, сондай-ақ мәдени, спорттық және танымдық іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысып келеді. Бұл жұмыс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған ұрпақ сабақтастығын нығайту, аға буынды қолдау және азаматтық қоғамды дамыту басымдықтары аясында жүргізіліп келеді.

Сондай-ақ, тараптар әкімдік пен Ардагерлер кеңесінің алдағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады. Халықаралық қарттар күніне арналған айлық аясында Алматының барлық ауданында мәдени және спорттық іс-шаралар, сондай-ақ аға буын өкілдерінің жастармен кездесулері жоспарланған. Кездесу соңында Дархан Сатыбалды аға буын өкілдерін Халықаралық қарттар күнімен құттықтап, оларға зор денсаулық, амандық және ұзақ ғұмыр тіледі.

Досбол АТАЖАН.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ӘСКЕР

Мемлекет басшысы реформа мақсатын айқындады

Қазақстанның Қарулы Күштерін жаңғырту және әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі Мемлекет басшысының қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі. Маңғыстау облысында болған қайғылы оқиғадан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар жедел шешім қабылдап, оқиғаның мән-жайын анықтаумен қатар, қорғаныс саласына бағытталған жүйелі реформа әзірлеуге тапсырма берді.



Қауіпсіздік – басты басымдық

Мемлекет басшысы тікелей назарына алған, соңы Қорғаныс министрінің отставкасына және әскери саланы реформалауға ұласқан оқиғадан кейін мемлекет тарапы бірқатар маңызды шараларды жасады. Маңғыстау облысында оқу-жаттығу кезінде болған қайғылы жайдайдың мән-жайын анықтау мақсатында мемлекеттік құрылымдар жедел шара қабылдады. Мемлекет басшысы 25 қыркүйекті қаза болған әскери қызметшілерді еске алуға байланысты жалпыұлттық аза тұту күні етіп жарияланды. Президент қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көңіл айтып, мемлекет тарапынан қажетті көмек көрсетілетінін атап өтті. Бұдан кейін қорғаныс саласындағы жағдайды жан-жақты зерделеуге бағытталған нақты шаралар қолға алынды.

Ал 26 қыркүйекте Мемлекет басшысының өкімімен Қорғаныс министрлігіндегі істердің жай-күйіне кешенді тексеру жүргізетін комиссия құрылды. Оның құрамына қауіпсіздік, құқық қорғау, қаржы және бақылау органдарының өкілдері енгізілді. Комиссия әскери құрылымдардың материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін, әскери қызметті ұйымдастыруды және ведомство жұмысындағы басқа да мәселелерді зерделеуге тиіс.

27 қыркүйекте Президент Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен және өзге де лауазымды мемлекеттік органдардың басшылығымен кеңес өткізді. Кеңес қаза болған 14 әскери қызметшіні бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды. Президент олардың әрқайсысының ата-аналарына көңіл айтып, қаза болған азаматтардың отбасылары мемлекет қамқорлығында болатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы қайғылы оқиғаға байланысты әскери басқару жүйесіндегі жауапкершілік мәселесін ашық көтерді. Оның айтуынша, бейбіт уақыттағы оқу-жаттығу барысында әскери қызметшілердің қаза болуы қауіпсіздік талаптарына, жоспарлау мен басқару жүйесіне қатысты маңызды сұрақтарды алға шығарды.

Президент оқу-жаттығудың мақсаты мен мазмұнынан бастап, оны ұйымдастыруға жауапты құрылымдардың өзара іс-қимылына дейінгі мәселелерді тексеруді тапсырды. Сонымен қатар, әскери қызметшілердің қажетті жабдықтармен, соның ішінде арнайы құтқару құралдарымен қамтамасыз етілуі де жеке қаралуы тиіс екеніне назар аударды.

Осыған орай Мемлекет басшысы жауапкершіліктің нақты болуын талап етті. Оқу-жаттығуды жоспарлаған, бекіткен және өткізген лауазымды тұлғалардың әрекетіне құқықтық баға берілуі қажет екенін мәлімдеді. Сондай-ақ, Президент әскери қызметтегі тәртіп пен қауіпсіздік мәселесінде лауазым мен шен ешкімді жауапкершіліктен босатпайтынын атап өтті.

Қорғаныс саласындағы кешенді тексерудің басталуы да Мемлекет басшысының осы ұстанымымен сабақтас. 27 қыркүйекте құрылған Комиссия әскери қызметті ұйымдастырумен бірге әскерді қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайын зерттейді. Оның алғашқы нәтижелері жеті күн ішінде баяндалуға тиіс.

Бұл шешімдердің барлығы қайғылы оқиғаның салдарын қарастырумен шектелмей, қорғаныс жүйесіндегі мәселелерді кешенді бағалауға бағытталғанын көрсетеді.

Нақты міндет

Президенттің пікірінше, қайғылы оқиға әскердегі жекелеген кемшіліктермен ғана шектелмей, Қарулы Күштерді дамытудың тәсілдерін қайта қарау қажеттігін көрсетті. Сондықтан Мемлекет басшысы әскерді түбегейлі реформалау міндетін қойды. Мемлекет басшысының сөзінше, қазіргі қауіп-қатерлерге жауап бере алатын, кәсіби деңгейі жоғары, технологиялық мүмкіндігі кең және басқару жүйесі тиімді жаңа үлгідегі әскер қалыптастыру реформаның негізгі мақсаты болуы тиіс. Президент реформаны қағаз жүзіндегі ауқымды құжатқа айналдырмай, нақты әрі түсінікті міндеттерден тұратын жоспар ретінде әзірлеуді тапсырды. Яғни әр бағыт бойынша нақты нәтиже, жауапты тұлғалар және орындалу мерзімі айқындалуы тиіс.

Осы бағытта Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, он күн ішінде әскерді реформалау жөніндегі арнайы жоспар әзірлейді. Құжат қазан айының екінші жартысында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қаралады.

Жаңғырудың маңызды бағыттарының бірі – әскери басқару жүйесін жетілдіру. Мемлекет басшысы қолбасшылық жүйесін халықаралық озық тәжірибеге сәйкес қайта қарау қажеттігін айтты. Бұл ретте әскери лауазымдарға кадрларды іріктеу мәселесіне де жаңа талап қойылды. Басшылық қызметке кәсіби білімі мен тәжірибесі жеткілікті, нақты міндеттерді шешуге қабілетті мамандар тағайындалуы қажет.

Әскердің технологиялық мүмкіндіктерін арттыру да реформаның негізгі бөлігі болады. Президент әскери салада цифрлық трансформация жүргізіп, заманауи технологияларды кеңінен енгізуді тапсырды. Бұл басқару тиімділігін арттырумен қатар, адам өміріне қауіп төндіретін бірқатар үдерістерді технологиялық шешімдермен алмастыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Сонымен бірге, қорғаныс бюджетінің тиімді жұмсалуы ерекше бақылауда болады. Бөлінген қаржы мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға нақты нәтиже беруі керек. Мақсатсыз шығынға немесе қаржыны тиімсіз пайдалануға жол бермеу жөнінде нақты тапсырма берілді.

Реформа тек техника мен басқару жүйесін жаңартумен шектелмейді. Президент әскердегі тәрбие жұмысының сапасын арттыру қажеттігін де атап өтті. Сарбаздардың бойында жауапкершілік, тәртіп, Отанға адалдық және азаматтық ұстаным қалыптастыру армияның кәсіби даярлығымен қатар жүруі керек. Мемлекет басшысы әскерді жас азаматтарды тәрбиелейтін кәсіби әрі патриоттық орта ретінде қалыптастыру қажеттігін айтты.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын әлеуметтік қолдау да назардан тыс қалмайды. Отан қорғауға өмірін арнаған азамат мемлекет тарапынан қолдау мен қамқорлықты сезінуі керек деген ұстаным осы бағыттағы жұмыстың маңызды бөлігіне айналады.

Осылайша соңғы күндері қабылданған шешімдер Қазақстанның қорғаныс саласында жаңа кезеңнің басталғанын аңғартады. Жалпыұлттық аза тұтудан бастап, кешенді тексеру, кадрлық шешімдер және әскерді реформалау жоспарын әзірлеуге дейінгі шаралар бір-бірімен сабақтасып жатыр.

(Дереккөз: Akorda.kz).

ҮКІМЕТ

КҮЗДІҢ БАСТЫ НАУҚАНЫ

Жиын-терім жан-жақты пысықталды

29 қыркүйекте Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы егін жинау науқанының барысы қаралды. Отырыста түрлі ведомство жетекшілері егін жинау жұмыстары мен аграрлық сектордағы негізгі көрсеткіштер жайында, сондай-ақ, ауа райының алдағы болжамы жайында баяндады. Шаруаларды дизель отынымен қамтамасыз ету, астық тасымалы мен көлік инфрақұрылымының дайындығы жөнінде де үкімет жетекшісіне есеп берілді. Сондай-ақ, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарының әкімдері баяндама жасады.



Жинаудан сақтауға дейін

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың айтуынша, биыл егін жинау жұмыстары уақытылы басталып, жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Қазір 13,5 миллион гектар дәнді дақыл жиналды. Бұл жоспарланған алқаптың 83 пайызы. Орташа өнімділік гектарына 14,7 центнерді құрап, 19,9 миллион тонна астық бастырылды. Сонымен қатар, 2,4 миллион тонна майлы дақыл, 2,5 миллион тонна картоп, 2,9 миллион тонна көкөніс және 2,3 миллион тонна бақша дақылы жиналған.

Соңғы жылдары егіс құрылымында да өзгеріс байқалады. 2024 жылдан бері майлы дақылдардың алқабы 2,2 миллион гектарға ұлғайып 5,2 миллион гектарға жетті. Олардың жалпы егіс құрылымындағы үлесі 13 пайыздан 18 пайызға өскен. Ал астық дақылдарының үлесі 72 пайыздан 66 пайызға төмендеді.

Аграрлық секторды қаржыландыру да жалғасуда. Биыл 5,8 мың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге жеңілдетілген несие берілген. Оның жалпы көлемі 665 миллиард теңгені құрады. Мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға да бағытталған. Жеңілдетілген лизинг арқылы құны 288 миллиард теңге болатын 8,6 мың техника сатып алынған.

Ендігі міндеттің бірі жиналған өнімді ысырапсыз сақтау. Қазақстанда астық сақтауға арналған жалпы қуат 30,5 миллион тоннаны құрайды. Оның ішінде лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарының қуаты 13,1 миллион тонна болса, шаруалардың өз қоймаларында 17,4 миллион тонна өнім сақтауға мүмкіндік бар. Жаңа өнімнің 4,9 миллион тоннасы лицензияланған нысандарға қабылданған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 20 пайызға жоғары. Үкімет басшысы осы кезеңде астықты сақтау, кептіру және қабылдау нысандарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды. Әсіресе, өнімді қабылдау кезінде кезектің туындауына, негізсіз кептіру тарифтеріне және астықтың сапасына кері әсер ететін кідірістерге жол бермеу қажеттігі айтылды.

Астық тасымалы бақылауда

Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжановтың мәліметінше, биылғы жылдың қаңтар–тамыз айларында теміржол арқылы 9,3 миллион тонна астық тасымалданған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 13 пайызға көп. Оның 7,2 миллион тоннасы экспортқа шығарылса, 2,1 миллион тоннасы ел ішінде тасымалданған.

Экспорттық бағыттар бойынша да өсім бар. Орталық Азия елдеріне астық тасымалы 37 пайызға, Қытайға 34 пайызға, Ресей порттары арқылы 9 пайызға артқан. Ал Ауғанстанға жөнелтілген астық көлемі 4,4 есеге өсіп, 655 мың тоннаға жеткен. Өңделген өнімді тасымалдау да ұлғайған. Мысалы, құрама жем көлемі 2,6 миллион тоннаны құрады.

Ал Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаевтың айтуынша, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне 2026 жылы 844,7 мың тонна дизель отыны бөлінген. Оның 606 мың тоннасы немесе 72 пайызы пайдаланылған. Жеңілдікті дизельдің бағасы литріне 283–310 теңге аралығында белгіленіп, нарықтық бағадан 10–18 пайыз төмен деңгейде сақталған. Сонымен қатар, отынды есепке алу мен бақылаудың цифрлық тетіктері енгізілген. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің бөлінген көлем шегіндегі нақты дизель тұтынуы 2023 жылмен салыстырғанда, 21 пайызға төмендеген.

Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров алдағы кезеңдегі ауа райына тоқталды. Оның айтуынша, қазан айында еліміздің басым бөлігінде ауа температурасы климаттық нормадан 1-2 градус жоғары болуы мүмкін. Сонымен қатар, оңтүстік, оңтүстік-шығыс және орталықтың жекелеген аудандарында жауын-шашын мөлшері нормадан төмен болуы ықтимал. «Қазгидромет» биыл ауа райын модельдеу кезінде жасанды интеллект элементтерін пайдаланып, болжамдардың кеңістіктік дәлдігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізуде.

Үкімет отырысында биылғы науқанмен қатар келесі жылдың егіс жұмыстарына дайындық мәселесі де көтерілді. Премьер-министр ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін ерте қаржыландыруды қазан айынан бастауды, тұқым мен тыңайтқыш қорын қалыптастыруды, техника паркін жаңартуды тапсырды. Яғни егін науқанының нәтижесі тек жиналған өнім көлемімен емес, оны сақтап, тасымалдап, ішкі нарықты қамтамасыз етумен және келесі маусымға дер кезінде дайындалумен бағаланады.

Бетті әзірлеген Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

(Дереккөз: Primeminister.kz).

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қаланың негізгі жылумен қамту нысандарының жағдайымен танысты. Жұмыс сапары барысында Оңтүстік аудандық қазандық, «Орбита» қазандығы және Әуезов ауданындағы жылу желілерін қайта жаңғырту аумағы тексерілді.

Алғашқы нысан – Қожанов көшесіндегі Оңтүстік аудандық қазандық. Ол 1553 нысанды, оның ішінде 356 көппәтерлі тұрғын үй мен 16 білім беру нысанын жылумен қамтамасыз етеді. Қайта жаңғырту аясында мұнда үш қазандық ауыстырылып, тағы біреуі жаңартылды, сондай-ақ қосалқы жабдықтар жаңғыртылды. Жобаны іске асыру қазандықтың қуатын сағатына 55 Гкал-ға арттырып, шамамен 200 мың тұтынушыны жылумен қамтудың сенімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Одан кейін Дархан Сатыбалды «Орбита» аудандық қазандығына барды. Нысан 1973 жылдан бері жұмыс істейді. Қазандыққа 1312 нысан қосылған, оның ішінде 925 көппәтерлі тұрғын үй, 39 білім беру және 17 денсаулық сақтау нысаны бар. 2026 жылы мұнда жөндеу жұмыстары жүргізілді.

«Басты міндет – ең жоғары жүктеме кезінде тұрғындарды тұрақты жылумен қамтамасыз ету. Тозу деңгейі жоғары нысандарды кезең-кезеңімен жаңғыртып, барлық жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде орындау қажет», – деді Дархан Сатыбалды.

Жұмыс сапарының соңғы нүктесі Саин – Момышұлы – Ұлықбек – Абай көшелері аралығындағы жылу желілерін қайта жаңғырту учаскесі болды. Жылу трассасы 1988 жылдан бері пайдаланылып келеді және нормативтік пайдалану мерзімін өтеген. Соңғы үш жылда мұнда 10 зақымдану дерегі тіркелген. Қазір нысанның дайындығы 80%-ға жетті, биыл шамамен 120 метр жылу желісі ауыстырылды. Жаңғырту аяқталғаннан кейін 45 көппәтерлі тұрғын үйдің, 15 өзге нысанның және бір балабақшаның жылумен қамтылу сенімділігі артады.



Нысанда тұрғындармен кездесу де өтті. Қала тұрғындары қалалық инфрақұрылымға қатысты сұрағы мен ұсынысын айтты. Кездесу қорытындысында тиісті қызметтерге нақты тапсырма берілді.

Жалпы, 2026 жылы Алматыда 20,1 шақырым жылу желісін қайта жаңғырту және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның 15,8 шақырымы аяқталды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



КОНФЕРЕНЦИЯ

Каспий тағдыры талқыланды

Каспий теңізінің ахуалы қазақ пен неміс ғалымдарының басын қосты. Алматыда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясында «Каспий теңізі: проблемалары, келешегі және орнықты даму мүмкіндіктері» атты халықаралық конференция өтті.

Ғылыми конференция Қазақстан–Неміс университетімен бірлесіп, Германияның академиялық алмасу қызметі және Ханнс Зайдель қорының қолдауымен ұйымдастырылды. Жиында еліміздің және шетелдің ғалымдары, сарапшылар, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдар мен бизнес өкілдері жиналды.

Талқының басты тақырыбы Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, климаттың өзгеруі, су ресурстары мен биоалуантүрліліктің жай-күйі, сондай-ақ олардың өңірдің экологиялық қауіпсіздігіне, инфрақұрылымына, энергетикасына, көлік саласы мен экономикасына әсері арқау болды. Конференцияны Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев ашып, жүйелі шешімдер әзірлеу үшін ғылыми әлеуетті біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

«Каспий деңгейінің төмендеуі, климаттың өзгеруі, су ресурстары мен биоалуантүрліліктің жай-күйі экологиялық қауіпсіздікке, жағалау инфрақұрылымына, энергетикаға, көлікке, экономикаға және миллиондаған адамның өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Бұл сынқатерлер жекелеген салалар мен мемлекеттік шекаралар аясынан шығып отыр. Сондықтан олар бірлескен ғылыми тәсілдер мен келісілген шешімдерді талап етеді», – деді Ақылбек Күрішбаев.

Сонымен, Каспий мәселелері бойынша жұмыстың үш негізгі бағытын айқындалды. Яғни жасанды интеллект, спутниктік деректер және геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, теңіздің жай-күйін мониторингтеу мен болжаудың бірыңғай жүйесін құру. Екінші, су теңгерімінің ғылыми негізделген сценарийлерін әзірлеу және жағалау аумақтарын өзгерістерге бейімдеу. Үшінші, Каспий экожүйесі мен биоалуантүрлілігін сақтауға бағытталған бірыңғай ғылыми бағдарлама қалыптастыру. Аталған бағыттағы ҚР ҰҒА-ның су ресурстарын кеңістіктік-уақыттық талдау мен басқаруға арналған DeepBas интеграцияланған интеллектуалдық платформасын әзірлеу жөніндегі жұмыс таныстырылды.

Жиында алғаш рет Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында Қазақстан–Неміс NEXUS институты ашылғаны туралы сөз болды. Бірегей ғылыми-білім беру алаңы шетелдік серіктестер – Қазақстан–Неміс университеті және Ханнс Зайдель қорымен тығыз ынтымақтастықта құрылып отыр. Аталмыш институт су ресурстарын басқару және климаттың өзгеруі салаларында жоғары білікті мамандар даярлауды көздейді.

Ендігі жерде NEXUS базасында Германияның озық тәжірибесін ескере отырып, су секторын цифрландыру жөніндегі өңірлік бағдарлама іске қосылатын болды. Бұдан бөлек, бүкіл Орталық Азия үшін трансшекаралық су ресурстарын үйлестірудің тиімді моделін әзірлеу көзделіп отырғаны да айтылды. Екі күнге созылған конференцияның қорытындысы бойынша Каспий теңізінің экожүйесін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі ғылыми негізделген ұсынымдарды қамтитын талдамалық жазба әзірлеу жоспарланып отыр.

Рая ЕСКЕНДІР.

БАЙҚАУ

«Менің тірегім – отбасым»

Алматыда түрлі этнос өкілінен құралған жас отбасылар арасында «Менің тірегім – отбасым» қалалық байқауы өтті. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұйымдастырылған сайыста қатысушылар отбасы құндылықтарын, ұлттық салт-дәстүрлерін және шығармашылық қабілеттерін таныстырды.

Байқауды Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастырды. Сайысқа бес жас отбасы қатысып, төрт кезең бойынша бақ сынады.

Қатысушылар алғашқы кезеңде отбасыларын таныстырып, шаңырақтары жайлы бейнеролик ұсынды. Одан кейін «Шығармашылық өнер» кезеңінде ән, би, көркем сөз және өзге де өнер түрлері арқылы өнерлерін көрсетті. Үшінші кезеңде әр отбасы өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын таныстырса, «Біз – біртұтас Қазақстан» интеллектуалдық викторинасында ел тарихы, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарына қатысты сұрақтарға жауап берді.

«Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласындағы филиалының жетекшісі әрі төрағасы Махмұтжан Мансұров мұндай іс-шаралардың қоғамдық келісімді нығайтудағы маңызын атап өтті.

– Әр ұлттың жанұясы келіп, барлығы бес этнос өкілі қатысты. Елімізде 130-дан астам ұлт өкілі тұратындықтан, мұндай іс-шаралардың маңызы зор. Қазақстандағы түрлі этнос өкілінің татулығы, достығы басқа елдерге де үлгі болуы керек, – деді ол.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 1 миллион теңге болды. Гран-при жүлдесін Эльяс отбасы иеленіп, 350 мың теңге алды. Бірінші орынға «Ұлағат» тобы лайық деп танылып, 250 мың теңге табысталды. Екінші орынды Минасян отбасы иеленіп, 200 мың теңге, ал үшінші орынға Исламьяровтар әулеті ие болып, 150 мың теңге алды. Ал «Көрермен көзайымы» жүлдесі Серіковтер отбасына беріліп, олар 50 мың теңгелік сыйлыққа ие болды.

Байқау әр жанұяның өз мәдениеті мен дәстүрін танытып, түрлі этнос өкілін ортақ құндылықтар төңірегіне біріктірді.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Бавариямен байланыс артады

Алматыда Баварияның экономикалық өкілдігі құрылуы мүмкін. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Германияға ресми сапары аясында Мюнхенде өткен Қазақстан–Бавария технологиялық форумында осындай ұсынысты ортаға қойды. Мемлекет басшысы бұл құрылым Қазақстандағы ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы неміс кәсіпорындарының мүддесін ілгерілетуге мүмкіндік беретінін атап өтті.



Президенттің айтуынша, Бавария – инженерия, жоғары технология және өнеркәсіп салаларындағы озық тәжірибесімен ерекшеленетін Еуропаның жетекші экономикалық өңірлерінің бірі. Сондықтан оның бизнес өкілдерімен байланысты нығайту Қазақстанның технологиялық және инвестициялық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

– Неміс бизнесі елімізде мықты сапасымен, сенімділігімен және технологиялық артықшылығымен жоғары бағаланады. Бүгінде экономикалық байланыстарды тереңдетуге барлық мүмкіндік бар. Бұл ретте Еуропаның жетекші өнеркәсіптік аймақтарының бірі, инженерия мен жоғары технологияның орталығы ретінде дүние жүзі мойындаған Баварияның алатын орны ерекше, – деді Мемлекет басшысы.

Алматыда Бавария экономикасының өкілдігінің ашылуы екіжақты іскерлік байланысты жаңа деңгейге шығаруы мүмкін. Өкілдік неміс компаниялары үшін Қазақстан нарығына ғана емес, Орталық Азиядағы инвестициялық және технологиялық жобаларға шығатын тұрақты байланыс алаңына айнала алады.

Мемлекет басшысы форумда Alatau City мегажобасын да таныстырды. Оның айтуынша, жаңа қала бизнес, инвестиция және инновация үшін бірегей алаң болуға тиіс. Бавариялық компаниялар мұнда инженерлік және сервистік бөлімшелерін орналастырып, өздерінің озық технологиялық шешімдерін сынақтан өткізуге, жергілікті серіктестер табуға және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Осылайша Алматыда Бавария экономикасының өкілдігін ашу туралы ұсыныс пен Alatau City жобасы Қазақстан мен Германия арасындағы технологиялық және инвестициялық әріптестікті тереңдетудің өзара байланысты екі бағыты ретінде қарастырылып отыр.

Президент Қазақстан–Бавария технологиялық форумында Баварияның технологиялық прогресі мен өнеркәсіптік жетістіктерін атап өтіп, өңірдің жаңашылдық рухын жоғары бағалады. Қазақстан тарапы үшін бұл тәжірибе экономиканы технологиялық жаңғырту, инвестиция тарту және жаңа өндірістер құру бағыттарында маңызды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

КӘСІПКЕРГЕ ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мегаполисте Meta-ның білім беру бағдарламасы басталды



Алматыда халықаралық Small Business Growth Academy бағдарламасы іске қосылды. Енді стартаптар мен шағын және орта бизнес өкілдері жарнама жасаудан бастап, клиентпен байланыс орнатуға дейінгі үдерістерде цифрлық құралдар мен AI мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды үйренеді.

Жоба аясында отандық кәсіпкерлер Meta платформаларының заманауи мүмкіндіктерін тәжірибе жүзінде меңгеріп, бизнесін дамытуға қажетті жаңа құралдармен таныстық. Бағдарламаның алғашқы кездесуі Алматыдағы Almaty Hub алаңында өтті. Жобаны ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Meta, Astana Hub және Алматы қаласының әкімдігі бірлесіп жүзеге асырды. Ал практикалық сессияларды Meta-ның жергілікті серіктесі CoobX ұйымдастырады.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің кеңесшісі Айнұр Есбосынова мұндай жобаны Meta өкілдерімен қаңтар айынан бастап талқылағанын айтты. Оның сөзінше, бұған дейін Қазақстанда мектеп оқушыларына, мұғалімдерге және мемлекеттік қызметшілерге арналған білім беру жобалары жүзеге асырылғанымен, кәсіпкерлерге бағытталған мұндай бағдарлама болмаған.

– Кәсіпкерлер – экономикамыздың негізгі қозғаушы күші. Оларға бизнесті дамыту үшін заманауи құралдарды меңгеру маңызды. Кәсіпкерлердің басым бөлігі Instagram, Facebook және WhatsApp Business секілді Meta платформаларын пайдаланады. Сондықтан алдағы сегіз аптада олар осы платформалардағы жаңалықтар мен өзгерістерді тікелей Meta мамандарынан білуге мүмкіндік алмақ, – деді Айнұр Есбосынова.

Meta-ның Орталық Азия, Моңғолия, Шри-Ланка және Мальдив аралдарындағы мемлекеттік және қоғамдық саясат жөніндегі бөлімінің басшысы Сенура Абейвардена Қазақстандағы бағдарламаның негізгі бағытын инновация, инвестиция және өсім ұғымдарымен байланыстырды. Оның айтуынша, инновация Meta қызметінің негізгі бағыттарының бірі саналады. Компания әлем бойынша миллиардтаған адам күнделікті қолданатын цифрлық өнімдер мен сервистерді жетілдіруге инвестиция салып келеді.

Meta өкілі мұндай жобалардың кәсіпкерлердің жеке бизнесін дамытуымен қатар, өңірлік экономикаға да ұзақ мерзімді әсер ететінін айтты. Сондай-ақ, Қазақстанның цифрлық болашағына компания тарапынан қызығушылық жоғары екенін жеткізді. Оның сөзінше, бұған Қазақстанның Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен қалыптасқан ұзақ мерзімді серіктестік те ықпал еткен, АҚШ үкіметінің қолдауы, С5+1 форматы және өңірдегі сауда-экономикалық байланыстардың нығаюы да цифрлық ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік берген.

Ал АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Питер Кауфман Алматының Орталық Азиядағы технологиялық инновациялар мен креативті индустрияның маңызды орталығына айналғанын атап өтті.

– Шағын және орта бизнес – кез келген дамып келе жатқан экономиканың тірегі. Кәсіпкерлер жаңа жұмыс орындарын ашып, инновациялық шешімдер ұсынып, нарықтағы өзгерістерге жылдам бейімделеді. Алайда, қазіргі жаһандық нарықта жақсы өнімнің болуы – жолдың тек жартысы. Клиенттермен байланыс орнату, брендке деген адалдықты қалыптастыру және бизнесті халықаралық нарықтарға шығару үшін заманауи цифрлық мүмкіндіктер қажет, – деді Питер Кауфман. Спикердің айтуынша, Meta, CoobX, Almaty Hub және Қазақстанның Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі арасындағы серіктестік қазақстандық кәсіпкерлерге цифрлық маркетинг, хабар алмасу және жасанды интеллект құралдарын тәжірибеде қолдануға серпін берген.

Бағдарламаның Алматыда өтуінің де өзіндік себебі бар. Almaty Hub директоры Аида Дусова қалада кәсіпкерлердің шоғырлануы жоғары екенін жеткізді. Ол бағдарламаны жүзеге асыруға үлес қосқан менторларға, ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне, Алматы қаласының әкімдігіне және CoobX командасына алғыс білдірді. Алдағы айларда қалада бес практикалық воркшоп өткізіледі. Қатысушылар Facebook, Instagram және WhatsApp платформаларымен жұмыс істеу, жарнаманы баптау, Reels және Threads форматтарын пайдалану, AI көмегімен контент әзірлеу және клиенттермен байланысты автоматтандыру бағыттарын меңгере алады.

Жалпы, Small Business Growth Academy бағдарламасы Meta тарапынан Азия-Тынық мұхиты өңірінің 12 елінде жүзеге асырылады. Қазақстандағы жоба кәсіпкерлердің цифрлық сауатын арттырып қана қоймай, жасанды интеллект пен заманауи маркетинг құралдарын нақты бизнес міндеттерін шешуге қолдануға бағытталды.

Д.БОЛАТҚЫЗЫ.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

Валюталық шарттар бақылауда

Экспорттық және импорттық шарт бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлер банк-есепке алу тіркеуімен мәліметті үнемі салыстырып, міндеттемені орындау мерзімін бақылап, шартқа қатысты деректі уақытылы жаңартып отыруы керек. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Халықаралық салық салу мен валюталық бақылау басқармасының басшысы Айдос ЕГЕНОВ осылай деді.

2024 жылғы 10 қаңтардан бастап мемлекеттік кірістер органдары экспорттық және импорттық операциялар бойынша ұлттық және шетел валютасын репатриациялау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптың орындалуын бақылайды.

Спикердің айтуынша, мақсат – валюталық заңнаманың сақталуын, сыртқы экономикалық операцияның ашықтығын қамтамасыз ету. Тексеру барысында банктік бақылау мәліметі мен сыртқы экономикалық шарт бойынша міндеттеменің орындалғанын растайтын құжат қолданылады.



«Біз ақша қаражатының қозғалысын ғана талдамаймыз. Құжаттар мен мәліметтерді кешенді түрде салыстырып отырып тексеріледі. Олардың қатарында тауарларға арналған декларациялар, тауарды әкелу мен жанама салықты төлеу туралы өтініш, электрондық шот-фактуралар, инвойстар, істелген жұмыс пен көрсетілген қызметтер актілері, банктік үзінді көшірмелер мен сыртқы экономикалық шарт бойынша міндеттеменің орындалғанын растайтын басқа да құжаттар бар», – деді Айдос Егенов.

Егер шарттың деректемелері немесе оның есептік нөмірі қате көрсетілсе, сондай-ақ міндеттемені орындау мерзімі өзгерсе, қосымша салыстырып тексеру қажет болуы мүмкін. Сондықтан қосымша келісім жасалғаннан кейін банк-есепке алу тіркеуіндегі шарт туралы мәліметті уақытылы жаңарту керек.

Айдос Егеновтың айтуынша, құжаттарды тұрақты түрде салыстырып тексеру мен өзгерісті уақытылы көрсету алшақтық қаупін азайтып, міндеттемелердің орындалуын қосымша растау қажеттілігін болдырмауға мүмкіндік береді.

«Сонымен қатар, бизнес өкілдері де өздерінің валюталық шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын уақытылы бақылауы тиіс. Біз экспорттаушылар мен импорттаушыларға банк-есепке алу тіркеуімен мәліметтерді тұрақты түрде салыстырып тексеруді, репатриация мерзімдерін бақылауды, кеден және салық құжатында валюталық шарттың есептік нөмірінің дұрыс көрсетілуін тексеруді, сондай-ақ шарт талаптарындағы өзгерісті уақытылы көрсетуді ұсынамыз. Мұндай алдын алу жұмысы алшақтықтың санын едәуір азайтуға сеп болады», – деді спикер.

Дана САДЫРҚАН.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТАЛАП, ТАЛПЫНЫС, ТАБЫС

Еңбек нарығындағы жастар бейнесі қандай?

Бүгінде Алматы жастарының алдында еңбек етудің бірнеше жолы бар. Бірі тұрақты жалақы мен әлеуметтік кепілдікті таңдаса, енді бірі еркіндік пен жеке кәсібін дамытуды жөн көреді. Ал кейбірі негізгі жұмысын сақтай отырып, қосымша табыс көзін қалыптастыруға тырысады.





Бұл өзгерістің себебі неде және жастардың таңдауы еңбек нарығының болашағына қалай әсер етеді?

Бірнеше онжылдық бұрын еңбек жолы айқын еді: мектеп – жоғары оқу орны – мамандық бойынша жұмыс – зейнет. Яғни алдыңғы буын бір мекемеде ұзақ жылдар еңбек етті. Бүгінде бұл схема өзгерді. Экономиканың құрылымы жаңарып, дәстүрлі салалармен қатар цифрлық технология, қызмет көрсету және креативті индустрия қарқын алды. Кеңсеге бармай-ақ интернет арқылы қызмет көрсетуге, басқа қаладағы немесе елдегі клиенттермен жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Бұл үрдіс Алматыда айқын байқалады. Осы тақырыпқа орай жастарды сөзге тартқан едік.

Мәселен, **Гаухар Шағдарбекова** төрт жыл бойы университетте филология мамандығын оқып, бітірді. Алайда, оқуын аяқтаған соң, мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейтінін түсінген. Қазір ол Алматыда өз қызығушылығына сай жұмыс істеуде.

«Мен үшін өзімнің қалауым маңызды. Мамандығым бойынша жұмыс істеп те көрдім, бірақ бұл салада жүргім келмейтінін түсіндім. Содан блог жүргізуді бастадым, бірқатар компания мен дүкендермен жұмыс істедім. Қазір әлеуметтік парақшаларым арқылы да табыс табамын, сонымен қатар қазақы бренд дүкендерінде модель қызметін де атқарамын. Ең бастысы – өзіме ұнайтын салада жүргеніме қуанамын», – дейді Гаухар.



Тоғжан Жәнібек те – дәл осындай көзқарастағы жастардың бірі. Ол кеңседе отырып, алтын уақытымды босқа өткізіп аламын деп қорқады.

«Мен қазір екі бағытта жеке кәсіппен айналысамын. Біріншіден, сауда жасаймын. Екіншіден, тойға шақыруларды онлайн сайттар арқылы жасаймын. Қазір барлығы қашықтан жүзеге асырылады, сондықтан күнделікті тапсырыс көп. Жасанды интеллекттің көмегімен күнде түрлі дизайн нұсқаларын шығарамын. Сол себепті, жұмысым да бір қалыпта емес, әрдайым жаңартып отырамын. Бұл танымалдықты да тез арттырады. Бір орында отырып жұмыс істей алмаймын, сондықтан осындай саланы таңдадым», – дейді ол.

Әрине, тұрақты жұмыс – әлі көптеген жастың таңдауы. Мемлекеттік қызмет, ірі компаниялар, банктер мен өндіріс орындары сенімділіктің белгісі ретінде қабылданады. Оның басты артықшылығы – тұрақты табыс пен әлеуметтік кепілдіктер. Ай сайынғы жалақы қаржыны жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұған қоса, еңбек демалысы, зейнетақы аударымдары, медициналық сақтандыру секілді мүмкіндіктер бар. Ірі ұйымдарда тәжірибе жинақтап, біліктілікті арттырып, мансаптық өсуге де жол ашылады.

Алайда, тұрақты жұмыстың шектеулері де бар. Қатаң жұмыс кестесі, жалақының белгілі бір деңгеймен шектелуі және мансаптық өсудің басшылық шешіміне тәуелді болуы кей жастарға ұнамайды. Сонымен қатар, қазіргі еңбек нарығында дипломның өзі жеткіліксіз. Жұмыс берушілер тіл білуді, цифрлық дағдыларды, икемділікті және үнемі білім жетілдіруді талап етеді. Әсіресе, беделді компаниялардағы бос орындарға бәсекелестік жоғары.

Иә, қазір тек айлық жалақыға жұмыс істегісі келетіндер азайып келеді. Бұның себебін қаржы саласының маманы, «Арнұр» банкінің несие эксперті Мұрат Толқынбаевтан сұрап көрдік.

«Өмір қымбаттады, ал көптеген компанияда жалақының өсуі инфляцияға ілесе алмайды. Күнделікті немесе апталық табыс адамға қаржылық сенімділік береді, шығынды жоспарлауға мүмкіндік жасайды. Бірақ мұнда тәуекел де бар: тұрақты табыс жоқ болғандықтан, ақшаны дұрыс жоспарлап, қажет кезде жинақтай білу маңызды. Фриланс пен жеке кәсіптің табысы айдан-айға өзгеруі мүмкін, сондықтан қаржылық сауаттылық – бұл жолдың басты шарты», – дейді ол.

Сарапшы сондай-ақ, еркін жұмыстың қаржылық жағын да ұмытпауға кеңес береді: табыс неғұрлым икемді болған сайын, салық төлеу, зейнетақы аударымы және алдағы шығындарды жоспарлау да соғұрлым өз қолыңызда болатынын еске салады.

Бүгінде жастардың елеулі бөлігі екі бағытты қатар алып жүр. Негізгі жұмысы бар, ал бос уақытында блогинг, шығармашылық, сауда немесе шағын кәсіппен айналысады. Бұл тәсіл жаңа бағытты негізгі табыстан айырылмай сынап көруге мүмкіндік береді. Мысалы, адам қосымша кәсібін дамытып, клиенттік базасын қалыптастырып, кейін толықтай жеке ісіне ауысуы мүмкін. Алайда, екі жұмысты қатар алып жүру уақыт пен күшті талап етеді. Кейде мұндай режим демалыс пен жеке уақыттың қысқаруына әкеледі. Сондықтан жастардың бір бөлігі бұл форматты болашақта жеке кәсіпке толықтай ауысуға дайындық ретінде қарастырады.

Бұл – уақыт талабы. Себебі, цифрлық технология дамыды. Интернет жаңа мамандықтар мен жұмыс форматтарын қалыптастырды. SMM-маман, контент-жасаушы, онлайн-мұғалім, фриланс-дизайнер, веб-бағдарламашы сияқты кәсіптерге сұраныс артты. Көп жағдайда мұндай мамандарға үлкен кеңсе немесе штат қажет емес, негізгі құрал – білім, техника және интернет. Екінші фактор – нарықтың тұрақсыздығы. Компаниялардағы қысқартулар мен экономикалық өзгерістер бір ғана жұмыс орнына тәуелді болудың тәуекелін көрсетті. Сондықтан жастар бірнеше табыс көзін қалыптастыруға ұмтылады. Үшіншіден, құндылықтар өзгерді. Жастар үшін жұмыс тек ақша табудың тәсілі емес, өзін-өзі жүзеге асырудың бір жолына айналды. Білімнің қолжетімділігі де кәсіп бастауға мүмкіндік берді. Кәсіпкерлік, маркетинг, қаржы және басқа да бағыттарды онлайн курстар, бейнесабақтар мен түрлі платформалар арқылы меңгеруге болады. Гранттар, жеңілдетілген несиелер, бизнес-инкубаторлар мен оқыту бағдарламалары жастардың кәсіп бастауына мүмкіндік береді.

Алматы – еңбек нарығы ең белсенді қалалардың бірі. Ақпараттық технологиялар, қаржы, сауда, қызмет көрсету, білім, медиа, креативті индустрия және туризм салаларында мүмкіндік мол. Бұл салаларда дәстүрлі жұмыс орындарымен қатар фриланс пен жеке кәсіпке де жол ашық. IT маманы шетелдік клиенттермен жұмыс істесе, креативті сала өкілі блогинг, дизайн немесе видео арқылы табыс таба алады. Маңыздысы – адамның мақсатына, мүмкіндігіне және құндылықтарына сәйкес келсе болғаны, табыс сенікі!

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.

КӘСІПОДАҚ

ЕҢБЕК АДАМЫН ЕСТИТІН ҰЙЫМ



Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының бастамасымен «Қуатты кәсіподақтар – еңбек адамының қуатты үні» атты бірыңғай жалпы кәсіподақтық бастама қолға алынып отыр. Бұл бастама еңбек адамының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, кәсіподақ мүшелеріне нақты қолдау көрсетуге және бастауыш ұйымдарының жұмысын жандандыруға бағытталған. Біз Алматы қалалық жергілікті «Ұстаз» кәсіподағының төрағасы Серік БАЙҒҰТТИНОВТЫ сөзге тартып, аталмыш мекеменің тыныс-тіршілігі туралы әңгімелеуін өтінген едік.

– Серік Қыдырәліұлы, ең әуелі кәсіподақ ұйымдарының маңызына тоқталып өтсеңіз...

– Иә, қай салада болсын, ең алдымен адамның құқығы қорғалып, еңбегі бағалануы керек. Білім саласында да солай, әрбір педагогтің еңбегі лайықты бағаланса дейміз. Сонда ғана ол өзінің міндетін еш алаңсыз, сеніммен атқаратыны сөзсіз. Жалпы, қуатты кәсіподақтың негізі бірлік қалыптастырады, ал оның басты мақсаты – еңбек адамына нақты қолдау көрсету. Осы ретте қолға алынып отырған «Қуатты кәсіподақтар – еңбек адамының қуатты үні» атты бастама ұстаздар қауымының мәселесін назарда ұстап, кәсіподақтың еңбек ұжымдарымен байланысын одан әрі нығайтуға жол ашып отыр. Алматы қалалық жергілікті «Ұстаз» кәсіподағы да бастамаға белсене араласып, оның негізгі бес жобасын жүзеге асыруға кіріскен.

– Нақты қандай жобаларды қолға алдыңыздар?

– Жекелеп айтсам, «Ұстаз» кәсіподағының заңгерлері М.Тұрлыбекова және Л.Көпбаева «Кәсіподақ көмектеседі» жобасы аясында педагогтерге еңбек заңнамасы, әлеуметтік кепілдіктер, еңбек демалысы, жалақы және басқа да мәселелер бойынша құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырады. Мәселен, тек бір жылдың ішінде кәсіподақ мүшелерінен 2500-ден астам өтініш түскен екен. Олардың мәселелері шешіліп, заңдық тұрғыдан да көмек көрсетілді. Бұдан басқа, кәсіподақ мүшелерінің мәселелерін қарау және құқықтық кеңес беру мақсатында 102 жеке қабылдау өткіздік. Сонымен қатар, кәсіподақ мүшелері үшін 36 оқыту семинары өтіп, 12 әдістемелік құрал әзірленді. «Кәсіподақ жанында» жобасы бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен, педагогикалық ұжымдармен жиі кездесу ұйымдастырып, олардың ұсыныс-пікірлерін назарға алып отырамыз.

Айтпақшы, осы жоба аясында қалада «Әр ұстаздың үні – білімнің болашағы!» деген ұранмен «Ұстаз дауысы» атты жаңа жоба бастау алып, кәсіподақ мүшелерімен онлайн форматта кездесулер өткіздік. Осылайша әрбір қатысушы пікірін білдіріп, өз үнін жеткізуге мүмкіндік алды.

– Қазір жүзеге асырылып жатқан «Еңбек адамы» жобасына нендей үлес қосып жатырсыздар?

– «Еңбек адамы» жобасының біз үшін тиімді тұстары көп. Ең бастысы, мұнда ұстаз еңбегін дәріптеуге басымдық берілген. Өйткені, тәрбие мен білім саласында ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан педагогтердің кәсіби жолы мен жетістіктерін насихаттаудың өзі жас ұрпақ үшін өнеге мектебі іспетті.

Биыл 4-ші жыл қатарынан «ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ» атты үздік педагогтердің фотосуреттері бейнеленген билбордтарды қаланың 18 жеріне орналастырдық. Олардың қатарында ардагер ұстаздар, оқулық пен оқу-әдістемелік құралдардың авторлары, республикалық «Үздік педагог», қалалық «Almaty Ustazy» байқауларының жеңімпаздары, түрлі зияткерлік сайыстарда жүлделі болған оқушыларды дайындап, білім беру саласында елеулі жетістіктерге жеткен ұстаздар бар.

– Мұндағы мақсаттарыңыз қандай? Ұйымдарыңыз жастарға да осындай қолдау көрсете ме?

– Бұл бастаманың негізгі мақсаты – ұстаз еңбегін қоғам алдында дәріптеу, білім беру саласының үздік өкілдерін көпшілікке танытып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беріп жүрген педагогтердің мәртебесін арттыру және олардың кәсіби жетістіктерін кеңінен насихаттау.

Ал жас еңбек адамдарын қолдау бағытында да қолға алған жұмыстар көп. Айталық, «Жастар және еңбек болашағы» жобасы жас педагогтерді кәсіподақ қозғалысына тартуға, олардың еңбек құқықтары жөніндегі білімін арттыруға және кәсіби бастамаларына қолдау көрсетуге бағытталған. Сондықтан жас маманның еңбек жолында өзін сенімді сезінуіне кәсіподақтың жан-жақты қолдауы маңызды.

Жақында жастармен жүргізіліп жатқан жұмысты одан ары жандандыру үшін «Жастар кәсіподақ активінің жобалық қызметі» тақырыбында қалалық семинар ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – жастар кәсіподақ активінің жобалық жұмыс жүргізу дағдыларын үйреніп, әлеуметтік маңызы бар бастамаларды тиімді жүзеге асыруға баулу.

– Алда қандай ауқымды істер күтіп тұр?

– Осы атап отырған жобаны 30 қазанда «Жастар және жаңашылдық: болашаққа бағыт» атты қалалық Жастар форумын өткізуді жоспарлап отырмыз. Форум барысында жастарға заманауи технологиялар мен инновацияларды тиімді пайдалану, жаңа жобалар әзірлеу, көшбасшылық және командалық жұмыс дағдыларын дамыту, сондай-ақ болашаққа бағытталған кәсіби және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін таныстырмақшымыз.

Бастауыш кәсіподақ ұйымы ұстаз бен кәсіподақ арасындағы негізгі байланыстырушы буын. Осы ретте «Қуатты бастауыш ұйым» жобасы кәсіподақ мүшелерімен жұмысты күшейтудің маңызды міндет екенін көрсетіп отыр. Жалпы, мұндай жобаның кәсіподақ қызметін жаңа деңгейге көтеретін мүмкіндік екені даусыз. Өйткені, әрбір бастаманың түпкі мақсаты – ол еңбек адамының жанынан табылып, оның үнін естіп, құқығын қорғау болса керек.

– Еңбектеріңіз еселене берсін! Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Жүйелі шаралар күшейтіледі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының көшпелі отырысы өтті.



Жиынға ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері, аудандық басқармалардың мемлекеттік қызмет көрсету саласына жауапты өкілдері қатысты. Отырысты жұмыс тобының төрағасы, Департамент басшысының міндетін атқарушы Еркеболат Нұржігітов жүргізді.

Кездесу барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, 2025-2026 жылдардағы ішкі бақылау нәтижелері, анықталған заң бұзушылықтар және олардың динамикасы талқыланды.

Жиын барысында жұмыс тобының төрағасы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде белгіленген талаптар мен мерзімдердің сақталуының маңыздылығына тоқталды:

– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы ең алдымен азаматтардың қажетті қызметті уақытылы әрі талапқа сай алуымен өлшенеді. Сондықтан анықталған бұзушылықтарды жоюмен қатар, олардың себептерін талдап, қайталануына жол бермеуге бағытталған жүйелі шараларды күшейту қажет, – деді Еркеболат Серікұлы.

Отырыста Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны мен көрсеткіштері қаралды. Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Бақтыгүл Сейтова көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат ұсынып, қызмет көрсету барысында кездесетін өзекті мәселелерге тоқталды. Талқылау кезінде қызмет алушылар мен қызмет көрсетушілер арасындағы өзара іс-қимыл, ақпараттық жүйелердің жұмысына байланысты қиындықтар және оларды шешу жолдары қарастырылды.

Отырыс қорытындысында жұмыс тобының мүшелері Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мен оның аудандық басқармаларында анықталған жүйелі бұзушылықтарға динамикалық көрсеткіштер негізінде талдау жүргізуді ұсынды. Сондай-ақ, олардың туындау себептерін айқындап, алдын алу шараларын белгілеу қажеттігін атап өтті.

Бұдан бөлек, қызметкерлердің кәсіби құзыретін арттыру мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына бағытталған оқыту семинарларын ұйымдастыру жоспарын әзірлеу ұсынылды. Оқыту жұмыстары «Ең алдымен адамдар» («Люди прежде всего») қағидаттарына сәйкес жүргізілмек.

Жұмыс тобы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мерзімдерінің сақталуына, құжаттарды толық қабылдауға, ішкі бақылау тетіктерін жетілдіруге және азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы хабардарлығын арттыруға ерекше назар аударды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру – азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың маңызды факторларының бірі. Осы бағыттағы бақылау, талдау және түсіндіру жұмыстары мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын одан әрі жетілдіруге бағытталатын болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ЖӘРМЕҢКЕ



Тұрғындарға тікелей көмек

Алматының Медеу ауданында тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді бір жерден алуға мүмкіндік берген жәрмеңке өтті. Іс-шараны ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мен Медеу ауданы әкімінің аппараты ұйымдастырды.

Жәрмеңкеге 30-ға жуық мемлекеттік орган мен ұйым қатысып, 200-ге жуық тұрғынға кеңес берілді. Іс-шараға Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев қатысты.

Мамандар тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін, қажетті құжаттарды және заңнамадағы өзгерістерді түсіндірді. Сонымен қатар, цифрлық сервистерді пайдалану жолдары көрсетіліп, смартфон арқылы электронды анықтамалар мен басқа да қызметтерді рәсімдеу тәсілдері таныстырылды.

– Мұндай жәрмеңкелер тұрғындарға бірнеше мекемеге бармай-ақ, қажетті ақпаратты бір жерден алуға мүмкіндік береді. Әсіресе, нақты мәселе бойынша қандай құжаттар қажет екенін мамандардан тікелей білуге ыңғайлы, – деді ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Мақсат Жаңбыршиев.

Тұрғындар да іс-шараның тиімділігін атап өтті. «Мұндай жәрмеңкелер керек-ақ. Өзіңе қажет сұрақтардың барлығына жауап бар. Мекеме аралап әуре болмайсың. Бір жерге жиналған мамандар кез келген мәселе бойынша кеңес береді», – дейді олар.

Мемлекеттік қызмет жәрмеңкелері халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға, азаматтарға мекенжайы бойынша тікелей көмек көрсетуге және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға бағытталған.

Нұрлан СҮЙІН.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.





ФЕСТИВАЛЬ

ҚАРИЯСЫН ҚАДІРЛЕЙТІН ҚАЛА

Алматыда аға буын өкілдерінің өмірге деген құштарлығын, шығармашылық әлеуеті мен белсенділігін дәріптеген IV «Ұзақ өмір» республикалық фестивалі өтті.

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне арналған фестивальдің өтуіне «Әділет» партиясының Алматы қалалық филиалы мен Алматы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия қолдау көрсетті.

«Бүгінгі ауқымды фестиваль де еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан аға буын өкілдеріне деген шынайы ризашылығымыздың көрінісі. Сіздердің өмір және еңбек жолдарыңыз – кейінгі ұрпаққа үлгі. Сондықтан біз сіздерден үйренуден жалықпаймыз. Баршаңызға денсаулық, ұзақ өмір тілейміз», – деді «Әділет» партиясы Алматы қаласы филиалының жетекшісі, Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Станислав Канкуров.

Фестивальге 700-ден астам аға буын өкілі қатысты. Жылдар жылжып, уақыт алға озғанымен, олардың бойындағы сергектік пен өмірге деген қызығушылықтың бәсеңдемегені анық байқалады. Әр қатысушының белсенді өмір салты, өнерге деген ықыласы мен жаңашылдыққа деген ұмтылысы адам жасының өлшемі тек жыл санымен шектелмейтінін анық көрсетті.

Айта кетсек, Алматыдағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының төрт бөлімшесінде қызметтің 70-тен астам түрі ұсынылады. Олардың қатарында дене белсенділігі, шығармашылық бағыттар, тіл, цифрлық дағдыларды үйрену, сәндік-қолданбалы өнер үйірмелері бар. Бұл қызметтерді барлығы 10 890 адам алып жүр.

Фестивальде сол орталықтағы өнер үйірмелерінің белсенді өкілдерінің, яғни шығармашылық ұжымдардың күшімен қойылған концерттік бағдарламаның өзі айтулы күнді айшықтай түсті. Атап айтсақ, зейнеткерлерден құралған «Алматы әжелері» модельдер тобының, «Өрлеу», «Айналайын», «Күміс көмей», «Ерке сылқым», «Гармония», Viva-Latino ансамбльдерінің өнері көпшіліктің ықыласына бөленді.

Іс-шара аясында қолданбалы өнер көрмесі де ұйымдастырылып, онда қатысушылардың қолынан шыққан түрлі бұйымдар көпшілік назарына ұсынылды. Әрбір туындыдан шеберлікпен қатар, өмірлік тәжірибе мен жүрек жылуы сезіледі. Қолөнермен айналысу олар үшін уақыт өткізу ғана емес, көңілге қуат сыйлап, өз мүмкіндігін жаңа қырынан танытудың бір жолына айналған.

71 жастағы Шырынкүл Әбдіхалықова ауруханада медбике болып абыройлы еңбек еткен. Бертін келе қатты сырқаттанып, 4,5 ай аппаратта жатқан. Оны қалыпты өмірге оралтқан арт-терапия көрінеді.

«Біз мұнда үлкен отбасымыз. Би, ән, спорт, қолөнер үйірмелеріне қатысамыз. Арасында шүйіркелесіп отырып шай ішеміз. Мұндай орталық зейнеткерлерге өте қажет деп ойлаймын. Денсаулығымызды нығайтуға, белсенді, сергек жүруімізге пайдасы ұшан-теңіз. Мен өзім жүннен, киізден қуыршақтар, ұлттық бұйымдар жасаумен айналысамын. Мен үшін бұл арт-терапия», – дейді фестивальге қолынан шыққан бұйымдарын ала келген зейнеткер Шырынкүл Әбдіхалықова.

Бұл күн аға буын үшін жәй ғана мерекелік іс-шара емес, өмірдің әр кезеңінің өзіндік бояуы мен мәні бар екенін көрсеткен ерекше басқосу болды. Олар өздерінің белсенділігімен, өнері және өнегесімен кейінгі ұрпаққа уақыттың қадірін білуге, денсаулықты күтуге, жақсылыққа, жақсы күндерге ұмтыла түсуге үндеді. Фестивальдің басты мәні де осында: ұзақ ғұмыр – жылдарға ілесіп отыру ғана емес, әр күнді мазмұнды өткізу, қоғам өміріне араласу, шығармашылықпен айналысу және өмірден қуаныш, мән табу. Алматыдағы аға буын өкілдері осы құндылықтарды өздерінің күнделікті тіршілігімен дәлелдеп келеді.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

ЖАСҚА ҚАРАМАЙТЫН ЖАРЫС

Алматыдағы Ганди саябағында Қарттар күніне орай аға буын өкілдері скандинавиялық жүрістен турнирге қатысып, спорттық шеберліктерін ортаға салды. Жарысқа 60 жастан асқан 50-ге жуық тұрғын қатысып, белсенді өмір салтын ұстанудың жасқа қарамайтынын көрсетті.

Іс-шараны Алмалы ауданының әкімдігі мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Турнирге 61 жастан 90 жасқа дейінгі қатысушылар жиналды. Олар саябақтың орталық аллеясымен 1,5 шақырым қашықтықты жүріп өтті. Жарыс алдында кәсіби нұсқаушының жетекшілігімен жалпы дене жаттығулары өткізіліп, скандинавиялық жүрістің дұрыс техникасы түсіндірілді.

– Негізгі мақсатымыз – аға буынға көңіл бөліп, олардың белсенді өмір салтын қалыптастыруына қолдау көрсету. Сонымен қатар, жастарға, кейінгі ұрпаққа өмірдің әрбір жақсы сәтін бағалауды үйрету маңызды. Қарттар күні 1991 жылдан бері аталып келеді. Бұл – үлкенге құрмет көрсететін ерекше күн, – деді Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Ербол Қалдарбеков.

Турнир барысында қатысушылардың қауіпсіздігі де назардан тыс қалмады. Әр 500 метр сайын төрешілер орналасып, спортшылардың қозғалысын бақылап отырды. Ұйымдастырушылар скандинавиялық жүрістің арнайы техникасы бар екенін атап өтті.

– Скандинавиялық жүрістің өз техникасы бар. Бұл жаттығу кезінде арқа бұлшықеттерінің шамамен 90 пайызы жұмыс істейді. Сондықтан оның денсаулыққа пайдасы зор. Бүгінгі жарысқа 61 жастан 90 жасқа дейінгі 50 қатысушы келді. Қауіпсіздік талаптары толық сақталды, – деді скандинавиялық жүрістен жаттықтырушы Алтынхан Абдрахманқызы.

Іс-шара барысында салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесіне де мән берілді. «Әділет» партиясы Алмалы аудандық филиалының төрағасы Айдар Күнтубайдың айтуынша, халықтың өмір сүру ұзақтығын арттыру бағытындағы жұмыстардың бірі аға буын арасында дене белсенділігін арттыруға арналды.

– Партияның негізгі сайлауалды бағдарламасында орташа өмір сүру ұзақтығын кемінде 77 жасқа дейін арттыру мақсаты қойылған болатын. Осы бағытта жұмыстарымызды бастап кеттік. Қарттар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру – сол міндеттердің бірі. Бүгінгі турнир осы бағыттағы шаралардың бірі болды. Қатысушыларға арнайы жүлде қоры да қарастырылды, – деді Айдар Күнтубай.

Спорттық сайыстан кейін саябақта «Денсаулық бұрышы» жұмыс істеді. Қатысушылар қан қысымын өлшетіп, дәрігерлерден кеңес алды. Белсенділік танытқан қатысушылар марапатталып, жеңімпаздарға арнайы жүлделер табысталды.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.







ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС

Сапаға қойылатын талап қандай?

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында өңдеу өнеркәсібін дамыту басты бағыттардың бірі болып айқындалды. Осы саланың қарқынды өсіп келе жатқан маңызды құрамдас бөлігі – құрылыс секторы. Қазір Алматыда қандай жаңа нысандар бой көтеріп жатыр? Олардың халық игілігіне берер пайдасы қандай?

Аймақтар арасындағы өсім

Биыл қаңтар–тамыз айларында Қазақстан бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 15,6%-ға өсіп, 6 трлн. 089,4. млрд теңгені құрады. Атқарылған құрылыс жұмыстары мен қызмет түрлері бойынша ең үлкен үлесті автокөлік, темір жолдар мен метро құрылысы (25,5%), ғимараттар (21,4%) және тұрғын үйлер (12,8%) иеленеді. Өңірлік тұрғыдан алғанда құрылыс жұмыстарының өсімі 18 аймақта тіркелсе, ең жоғары көрсеткіш Ұлытау облысында (2,9 есе), Павлодар (41,4%-ға) және Атырау (37,3%-ға) облыстарында байқалды. Республикалық маңызы бар қалалардың ішінде Алматы қаласы (+16,7%) көш бастап тұр. Жалпы ел бойынша пайдалануға берілген жаңа нысандардың ауданы 14 214,7 мың шаршы метрді құраса, оның ішінде тұрғын үй ауданы 3,6%-ға өсіп, 11 326,1 мың шаршы метрге жетті.

Тұрғын үйлерден бөлек, әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Қаңтар–тамыз айларында Алматыда 550 оқушыға арналған бір орта білім беретін мектеп пен 1050 орынды екі мектепке дейінгі ұйым пайдалануға берілді. Сондай-ақ, мегаполисте 4 өнеркәсіптік, 6 сауда және 2 мәдени-сауықтыру нысаны, 71 кеңсе, 38 түрлі құбыр мен байланыс желілері, 35 көлік, байланыс және коммуникация нысаны, 1 медициналық мекеме ғимараты мен 5 білім беру нысаны іске қосылды.

Үш қағидат

Жуырда Үкіметте Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша өткен кеңесте Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылыс сапасын қамтамасыз ету шаралары туралы баяндады. Сала экономикалық өсімнің басты драйверлерінің бірі болып қала береді, сонымен бірге министр сапаның әрбір нысанда қамтамасыз етілуге тиіс екенін атап өтті. Бүгінде құрылыс саласына 352 мыңнан астам инженерлік-техникалық қызметкер мен 32 мыңға жуық сарапшы тартылған. Жаңа Құрылыс кодексі аясында инженерлер мен сарапшыларды сертификаттау қарастырылған, бұл олардың жеке кәсіби жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Саланы әрі қарай дамыту үш негізгі қағидат айналасында құрылады, олар: материалдар мен жұмыстың сапасы, аумақтарды кешенді дамыту және құрылысшылардың кәсіби жауапкершілігі. Сонымен қатар, секторды цифрландыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Депутаттың сауалы

Жыл басынан бері жоспарлау, жобалау және құрылыс процестерін, соның ішінде жаңа технологияларды қолданып цифрлық бақылауға мүмкіндік беретін Бірыңғай құрылыс порталы жұмыс істеп тұр. Әкімдіктер 2026-2027 жылдарға арналған Жол карталарын бекітті. Бұл құжаттар ғимараттардың қасбеттерін жаңартуды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды және елдімекендердің бірыңғай архитектуралық келбетін қалыптастыруды көздейді.

Жақында өткен Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутат Еркін Рақышев қаланың таулы аймақтарындағы құрылыстарға қатысты «Табиғат пен тұрғындардың қауіпсіздігіне нұқсан келтірмейтін шекараны қалай анықтайсыздар? Болашақта құрылысқа рұқсат беру кезінде шектеулер қағаз жүзінде қалмай, нақты жұмыс істеуі үшін құжаттарда қандай кепілдіктер бекітіледі?» деген өзекті сауал қойды.

Сұраққа жауап берген Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Алмас Жаңбыршы Бас жоспарда құрылыс жүргізуге тыйым салынған аймақтардың бәрі бекітілгенін атап өтті. Оның айтуынша, қаланың жоғарғы бөлігіндегі құрылыс жұмыстарына қатысты нақты ережелер бар. Атап айтқанда, Талғар трактісі, Шығыс айналма жолы, әл-Фараби даңғылы, сондай-ақ Саин және Жандосов көшелерінің шекарасынан оңтүстікке қарай орналасқан аймақта салынатын тұрғын үйлердің биіктігі жерасты қабатын қоса санағанда 12 метрден аспауы керек. Осы аймақта көпқабатты тұрғын үйлер салуға мүлдем тыйым салынған. Ал бұл аумақта тек әлеуметтік, туристік және табиғи кластерді сақтауға бағытталған нысандарды тұрғызуға рұқсат етіледі. Сонымен бірге, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және діни мақсаттағы нысандардың биіктігі 25 метрге дейін рұқсат етілген.

«Әрбір жоба бекітілмес бұрын құрылысшылар мен тұрғындардың қатысуымен алдын ала мұқият қаралады. Нысанның мақсаты, инфрақұрылымы мен инженерлік желілері тексеріледі. Жобалаушылар Алматының Бас жоспары негізінде біздің басқармаға хат жазып, қажетті мәліметтерді ала алады», – деп түсіндірді жауапты маман.

Депутат тарапынан қойылған *«Құрылыс салуға мүлдем болмайтын аумақтар нақты айқындалды ма?» деген қосымша сұраққа: «Иә, еңістігі 15 градустан асатын тау баурайларына, су қорғау белдеулерінің аумағына және көшкін қаупі бар аймақтарға құрылыс салуға қатаң тыйым салынған»,* – деп түйіндеді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
(Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ)

БРИФИНГ

ТАРИФТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

1 қазаннан бастап сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне жаңа тарифтер қолданысқа енгізіледі. Жаңа мөлшерлемелер қаланың су шаруашылығына түсетін жүктеменің өсуін, инфрақұрылымның кеңеюін және желілерді жаңартуға қажетті шығындарды ескере отырып белгіленген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында хабарлады.

Қосымша құн салығын қоса есептегенде, халық үшін 1 текше метр суық судың тарифі 178,06 теңге, ал су бұру қызметі 119,46 теңге болады. Өзге тұтынушылар үшін, яғни заңды тұлғаларға 1 текше метр суық су – 362,18 теңге, су бұру – 264,75 теңге. Бюджеттік ұйымдар үшін бұл көрсеткіштер тиісінше 649,6 теңге және 189,14 теңге болып белгіленген.

Тарифті қайта қарауға бірнеше фактор әсер еткен. Соның бірі – пайдалану шығындарының өсуі. Сумен жабдықтау мен су бұру жүйелері электр энергиясын көп қажет ететін өндірістік үдерістерге жатады. Бүгінде электр энергиясының тариф құрылымындағы үлесі шамамен, 20%. Бұған қоса, реагенттер, материалдар, қосалқы бөлшектер мен жабдықтардың бағасы артқан.

Сала мамандарының айтуынша, тарифті түзету су шаруашылығы қызметкерлерінің еңбекақысын электр және жылу энергетикасы салаларындағы деңгейге сәйкестендіру қажеттілігін де қамтиды. Тәулік бойы жұмыс істейтін жүйенің тұрақты қызметін қамтамасыз ету, апаттық жағдайларды жою және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін білікті мамандардың еңбегі маңызды. Тариф құрылымындағы тағы бір елеулі бағыт – инвестиция. Оның үлесі 30%-дан асады. Бұл қаражат су құбыры мен кәріз желілерін жаңартуға, инфрақұрылымды дамытуға және нысандарды реконструкциялауға жұмсалады.

Соңғы екі жылда «Алматы Су» кәсіпорнының теңгеріміне жаңа инфрақұрылымдық нысандар берілген. Олардың қатарында 32 кәріз сорғы станциясы, 6 сорғы станциясы, 9 таза су резервуары, 18 ұңғыма, 385,68 шақырым су құбыры және 374,66 шақырым кәріз желісі бар. Жаңа нысандардың іске қосылуы қаланың су жүйесінің мүмкіндігін кеңейткенімен, оларды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге қосымша шығынды қажет етеді. Бұл шығындар бұған дейінгі тарифте толық қарастырылмаған.

Тұтынушы өзі таңдайды

Алматы мен Алматы облысының тұтынушылары үшін электр энергиясының тарифтері де өзгерді. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның «Энергосбыт» филиалы хабарлағандай, тарифтің өсуіне, оның ішінде бірыңғай сатып алушыдан алынатын электр энергиясы құнының қымбаттауы себеп болды. 15 шілдеден бастап электр энергиясын сатып алу бағасы 1 кВт/сағ үшін 13 теңгеден 16 теңгеге дейін, яғни 23%-ға өсті.

Осыған байланысты электр энергиясын бөлшек саудада өткізуге арналған жаңа шекті бағалар белгіленді. Тұрмыстық тұтынушылар үшін тариф қосымша құн салығынсыз 1 кВт/сағ үшін 32,69 теңгені немесе ҚҚС-пен 37,92 теңгені құрады.

Электр энергиясын тұрмыстық мақсатта пайдаланбайтын тұтынушылар үшін тариф ҚҚС-сыз 43,13 теңге немесе ҚҚС-пен 50,03 теңге болып белгіленді. Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекет қатысатын бірқатар ұйымдар үшін тариф ҚҚС-сыз 43,43 теңге немесе ҚҚС-пен 50,38 теңге болды.

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда орналасқан тұтынушыларға, Президент Іс басқармасына қарасты ұйымдарға, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге бөлек тариф белгіленді. Олар үшін шекті баға ҚҚС-сыз 1 кВт/сағ үшін 39,30 теңге немесе ҚҚС-пен 45,59 теңгені құрады. Бұл ретте халық үшін электр энергиясын тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифті таңдау мүмкіндігі сақталды. Төлем мөлшері үйде немесе пәтерде электр плитасының бар-жоғына да байланысты болды.

Тұрмыстық тұтынушылар үшін үш тарифтік деңгей қарастырылды. Бірінші деңгейде тариф ҚҚС-сыз 29,55 теңге немесе ҚҚС-пен 34,28 теңге, екінші деңгейде ҚҚС-сыз 39,23 теңге немесе ҚҚС-пен 45,51 теңге, ал үшінші деңгейде ҚҚС-сыз 49,04 теңге немесе ҚҚС-пен 56,89 теңге болды.

Тарифтік жоспарды тұтынушы өзі таңдайды. Оны өзгерту үшін тиісті өтініш беру қажет. Алматы облысы Жамбыл ауданының Үлкен ауылында тұратын тұтынушылар үшін жеке тариф белгіленді. Тұтынушылардың барлық санаты үшін электр энергиясын өткізу қызметінің құны ҚҚС-сыз 1 кВт/сағ үшін 19,89 теңге немесе ҚҚС-пен 23,07 теңге болды.

Әзірлегендер
Дана САДЫРҚАН, Гүлжанат СЕМБАЕВА.

АЛАТАУ АЛҒА БАСЫП КЕЛЕДІ

Алатау ауданында биылғы қаңтар–шілде айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 743,8 млрд. теңгеге ұлғайып, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда, 28,8%-ға артқан. Осы кезеңде бөлшек сауда тауар айналымы 290,9 млрд. теңгеге, негізгі капиталға салынған инвестиция 279,5 млрд. теңгеге жеткен.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алатау ауданының әкімі Данияр Қырықбаев осылай деді. Ол салық түсімі бойынша да оң динамика байқалатынын атап өтті. Жыл басынан бері ауданнан мемлекеттік бюджетке 119,9 млрд. теңге түскен. Бұл былтырғы осы кезеңдегі 113,1 млрд. теңге көрсеткіштен 6,5 млрд. теңгеге артық. Жалпы соманың 47,5 млрд. теңгесі республикалық бюджетке, 72,1 млрд. теңгесі жергілікті бюджетке бағытталды.

Алатау ауданында әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жұмысы да сәтті жалғасып жатыр. Мәселен, жаңа оқу жылына орай ауданда «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы сыйымдылығы 3200 орын болатын екі жаңа мектеп ашылды. Яғни «Ақмаржан» шағынауданында – 2000 орынды, «Ғажайыпта» 1200 орынды мектеп пайдалануға берілді. Сонымен қатар, «Зерделі» шағынауданында 550 орынды мектеп қолданысқа беріліп, «Қарасуда» №160 мектеп реновациядан кейін қайта жұмысын бастады. Балалардың мектептен тыс уақытта пайдалы іспен айналысуына да қосымша мүмкіндік жасалған. «Саялыда» екінші Инновациялық шығармашылық орталығы ашылды. Мұнда екі бассейн, бокс залы, шығармашылық және спорт сабағына арналған кеңістік қарастырылған. Осы «Саялыда» алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету орталығы салынып бітті. Алдағы қазан айында пайдалануға берілмек.



Биыл *«Халық қатысатын бюджет» аясында 43 жоба жүзеге асырылуда. Оларды іске асыруға бюджеттен 2,5 млрд. теңге бөлінген. Барлық жұмыс қыркүйектің соңына дейін аяқталады. Дәл қазір «Саялы» шағынауданында ВОАД пен Аққайнар көшесінің қиылысында орналасқан сенсорлық соқпағы бар «Ұлы дала» саябағын абаттандыру қолға алынған. Саябақтың аумағы 1,2 гектарды құрайды, жобаның құны – 273,2 млн. теңге. «Жоба аясында декоративті жарықтандыруы бар жеңіл сәулеттік конструкциялар, арт-нысандар мен жаңа жарық тіректері қойылады. Сондай-ақ, ағаш пен бұта егіліп, автоматтандырылған суару жүйесі орнатылып, басқа да ілеспе жұмыс қатар істеледі»,* – деді аудан әкімі Данияр Қырықбаев.



Ауданда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында шағынаудандарды тазалау, ағаштарды қырқу, балалар алаңын сырлау мен қоғамдық аумақтарды қалпына келтіру жұмысы күшейтілген. Ауданның санитарлық жағдайын қамтамасыз етуге 111 арнаулы техника мен 260 жұмысшы жұмылдырылған.

Биыл аудан бойынша 17 мың ағашты қырқып, 38 мың шаршы метр жерге көгал төселеді. Жасыл желекті күтіп ұстау үшін ауданда механикалық және автоматты суару жүйелері ұйымдастырылған. Механикалық суару жалпы аумағы 96,3 гектар болатын 85 аумақта жүргізіледі. Бұл жұмысқа 29 техника жұмылдырылған. Автоматты суару жүйелері жалпы аумағы 25 гектар болатын 18 аумақта жұмыс істейді. Биыл автоматты суару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында қосымша 28,2 шақырымдық желі тартыла басталады. Алматының Алатау ауданы осылайша алға қарай адымдап келеді.

Нұржамал ӘЛІШ.

АЛМАЛЫНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Алмалы ауданында биыл әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және қоғамдық кеңістіктерді жаңартуға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асырылып жатыр. Жыл басынан бергі сегіз айдың қорытындысы бойынша ауданның негізгі капиталына 80 млрд. теңге инвестиция тартылған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин мәлімдеді.

Инвестициямен қатар, әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы мен жөндеу жұмыстары да жалғасуда. Денсаулық сақтау саласында Әйтеке би мен Масанчи көшелерінің қиылысында ауысымына 500 адам қабылдайтын жаңа емхана салынып жатыр. Нысанды қараша айында пайдалануға беру жоспарланған. Ал бірінші перзентхананың жаңа корпусындағы құрылыс жұмыстары 2027 жылғы наурызға қарай аяқталуы тиіс. Бұл жоба аудан тұрғындары үшін медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Спорт саласында «Тастақ» шағынауданындағы Райымбек даңғылы бойында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған спорт орталығы бой көтеруде. Қазір құрылыс жұмыстарының 70%-ы орындалған.

Білім беру бағытында да өзгерістер бар. Қыркүйектің соңына қарай №16 мектептің 300 орынға арналған қосымша ғимаратын пайдалануға беру жоспарланған. Ал №124 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен бірге, Абай даңғылы бойындағы балаларды оңалту орталығының жобасын іске асыруға дайындық басталды.



Аудандағы өзгерістер әлеуметтік нысандармен ғана шектелмейді. Орталық бөлігінде қоғамдық кеңістіктерді жаңарту және тұрғын үйлердің сыртқы келбетін біріздендіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл 60 көппәтерлі тұрғын үйдің қасбетін жөндеу жоспарланған. Ауданның орталық бөлігінде біртұтас жаяу жүргіншілер бағытын қалыптастыру жұмысы да қолға алынған. Жоспар бойынша Байсейітова мен Панфилов көшелеріндегі серуендеу аймағы Масанчи және Қарасай батыр көшелері арқылы Абай даңғылымен байланысады.

«Қазір Панфилов, Чайковский көшелері мен Гагарин даңғылы абаттандырылды. Қарасай батыр мен Құрманғазы көшелерінде жұмыстар жүріп жатыр. Жас көрермендер театрындағы алаң да күрделі жөндеуден өтеді. Мұнда автоматты және тамшылатып суару жүйесі орнатылады», – деді Арман Шамшин.



Жарықтандыру жүйесін жаңғырту аясында тротуар бойына 300 жаңа шам орнатылған. Ал ауданның тағы алты көшесіне 500 жарық бағанын орнату жоспарланып отыр. Бұл жұмыстарға кәсіпкерлер де атсалысуда. Ауданда 1648 «Абаттандыру паспорты» жасалып, оның аясында бизнес өкілдері өз нысандарына іргелес аумақтарды көгалдандыруды міндетіне алған.

Қазірдің өзінде жыл соңына дейін жоспарланған 70 мың көпжылдық бұтаның 45 мыңы егілген. Бұл Алмалының орталық көшелерін абаттандырумен қатар, жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктерді көгалдандыруға да басымдық беріліп отырғанын көрсетеді.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.



АВТОТҰРАҚ
бағасы өзгереді

Алматыдағы коммуналдық ақылы автотұрақтарда 4 қазаннан бастап көлік қозғалысының қарқыны мен тұрақ орындарына сұранысқа қарай сараланған жаңа тарифтер қолданысқа енгізіледі. Тиісті шешімді қалалық мәслихат сессиясында депутаттар қолдады.

Қаланың Жол қозғалысын ұйымдастыру және жолаушылар көлігін басқармасының мәліметінше, қолданыстағы сағатына 100 теңге тарифі 2016 жылдан бері өзгерген жоқ. Соңғы он жылда қаладағы көлік саны 1 миллионнан асты. Бұл көшежол желісі мен автотұрақтарға түсетін жүктемені айтарлықтай арттырды.

Өзгерістердің негізгі мақсаты – бос автотұрақ орындарының қолжетімділігін қамтамасыз етіп, қала тұрғындары мен қонақтарына тұрақ қоюды ыңғайлы ету. Қазір жүргізушілер автотұрақ іздеуге көп уақыт жұмсайды. Бұл өз кезегінде жолдағы көлік қозғалысына қосымша салмақ түсіреді.

Жаңа тәртіпке сәйкес, көлік қозғалысы салыстырмалы түрде төмен учаскелерде тариф бұрынғыдай сағатына 100 теңге болып қалады. Автотұрақтарға сұраныс орташа аумақтарда сағатына 150 теңге белгіленеді. Ал тұрақ орындары тапшы әрі көлік қозғалысы жоғары, сұраныс ең көп аймақтарда тариф сағатына 200 теңге болады.

Бұл ретте іргелес үйлердің тұрғындары тұрғылықты жері бойынша автотұрақтарды тегін пайдалана алады. Ақылы автотұрақтар орналасқан аумақта тұратын тұрғын үй иелері үйіне жақын орналасқан таңдалған автотұрақта бір көлікті тегін қоюға арнайы рұқсат рәсімдей алады. Сондай-ақ, пайдаланушылардың кейбір санатына қарастырылған жеңілдіктер сақталады.

Сараланған тарифті енгізу автотұрақ орындарының айналымын арттырып, бос орын іздеуге кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік бермек. Сонымен қатар, бұл өзгерістер аялдау және тұраққа қою ережелерін бұзу жағдайын азайтып, қалалық автотұрақ кеңістігін тиімді пайдалануға ықпал етпек.

Алматыда әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталып, коммуналдық арнайы тұраққа жеткізілген көліктерді эвакуациялау және сақтау үшін ақы енгізіледі.

4 қазаннан бастап көлік құралдарын коммуналдық арнайы тұрақтарға эвакуациялау және уақытша сақтау үшін төлемнің бірыңғай тәртібі қолданылады. Төлем мөлшері 2026 жылы 18 қыркүйекте Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында бекітілді.

Эвакуация құны көліктің барлық санаты үшін 3 АЕК, яғни 12 975 теңге болады. Жеңіл автокөлікті арнайы тұрақта сақтау құны алғашқы тәулікке 2,5 АЕК (10 812,5 теңге), кейінгі әр тәулікке 5 АЕК (21 625 теңге) мөлшерінде белгіленді. Көлік иелеріне құқық бұзушылықтарды жойып, автокөліктерін 3 қазанға дейін арнайы тұрақтан алып кету ұсынылады.

Айта кетейік, бұл өзгеріс барлық эвакуация жағдайына қатысты емес. Ол Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген жағдайда ұсталып, арнайы тұраққа жеткізілген көлік құралдарына ғана қолданылады.

Дана САДЫРҚАН.

О.СҮЛЕЙМЕНОВ – 90





ОЛЖАСТЫҢ ОТТЫ ӨМІРІ

Алматы музейінде Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 90 жылдығына арналған «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатқан...» атты көрме ашылды.

Салтанатты іс-шараға мәдениет және өнер қайраткерлері, әдебиет өкілдері, ғалымдар қатысты. Көрмені Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Алматы қаласы музейлер бірлестігі мен ЮНЕСКО аясындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы ұйымдастырды.

Көрме экспозициясына Олжас Сүлейменовтің өмірі мен шығармашылық жолынан сыр шертетін құжаттар, қолжазбалар мен кітаптар, жеке заттары мен фотосуреттері қойылды.

Іс-шарада сөз сөйлеген Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов Олжас Омарұлының еңбегі, туындылары мәңгілік болып қалатынын атап өтті.

«Сонау 1961 жылы Юрий Гагарин космосқа ұшқан кезде біздің қазақ поэзиясында құбылыс болды. Айтулы оқиғадан кейін он күн өткен соң Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, жер, енді!» деген поэмасы жарық етті. Ондай поэманы бүкіл Кеңес Одағы бойынша ешкім жазған жоқ. Оны Олжас деген қазақтың баласы жазды. Сол поэма Гагарин сияқты бүкіл ғарышты аралап кетті. Сөйтіп, қазақтың баласы қазақты бүкіл әлемге танытты. 1975 жылы тағы бір құбылыс болды. Олжас Сүлейменов «Аз и Я» деген үлкен еңбек жазды. Сол тұста ол туындының бағасы 1500 рубльден асып кетті. Сансыз тиражбен тараған кітапты сатып алу үшін барлық жиған-тергенін салған адамдарды да көрдік. Кітаптың, Олжастың құдіреті осыдан танылады. Кеңес Одағы тұсында мұндай кітапты мүлдем жойып, санадан өшіру керек деген әңгімелер де айтылды. Бірақ қазақ елінің мақтанышына айналған сол кітап тасқа басылып қалды», – деді қаламгер Мереке Құлкенов.

Сондай-ақ, көрменің ашылуында белгілі философ, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Нұр Қирабаев, тарихшы, политолог, академик Зайнидин Курманов, Олжас Сүлейменовтің қарындасы Жібек Қарағұлова және ЮНЕСКО аясындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы директорының орынбасары Игорь Крупко сөз сөйледі.

«Алматыда ұлы тұлғаның 90 жылдығына арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Олжас Омарұлы бұл қаланы да, осы елді де талай мәрте жырына арқау еткен еді. Сондықтан оның өмірі мен шығармашылығының, ғажайып идеяларының музей экспозициясында көрініс табуы заңды. Оның сіңірген әрбір еңбегі, жүрген жолы – мәдени, қоғамдық-саяси тарихымыздың бір бөлігі. Оның адамзатқа қасірет әкелген ядролық полигонның жер бетінде жұмыс істеуін тоқтатуға ықпал еткен көшбасшылығының өзі тұлғасын биіктете түседі. Ол XX ғасырдың жаһандық деңгейдегі ірі тұлғаларының бәрімен дерлік дос болған адам. Ол – өз бойында ұлттың бүкіл шығармашылық мүмкіндігін тоғыстырған ғасыр тұлғасы. Ал біз үшін оның заманасы болу – үлкен бақыт», – деді Игорь Крупко.

Олжас Сүлейменов – қазақ әдебиеті мен руханиятының дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ақын. Қаламгердің шығармашылығы тарих пен ұлттық болмысты, туған жер мен адам тағдырын ұштастыра отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды кеңінен насихаттаумен ерекшеленеді. Ақынның шығармалары көптеген тілге аударылып, халықаралық оқырманға жол тартты. Әдеби қызметімен қатар, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде де танылып, 1989 жылы «Невада–Семей» антиядролық қозғалысын құруға бастамашы болды. Биыл Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл толуына байланысты көрмеде ақынның антиядролық қозғалысқа қосқан қоғамдық үлесіне де ерекше назар аударылған. Сонымен қатар, 2001–2014 жылдары Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілі қызметін атқарды.

Көрменің мақсаты – Олжас Сүлейменовтің әдеби және қоғамдық мұрасын насихаттау, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін таныстыру, сондай-ақ өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлер арқылы келушілердің ұлттық әдебиет тарихына қызығушылығын арттыру.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР!

«БІР ҚЫЗ БАР МАРАЛДЫДА...»

«QORLAN» драмасы көрерменге жол тартты

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының қоржыны тағы бір тағылымды қойылыммен толықты. Театр ұжымы бұл жолы сал-серілік дәстүрдің сарқыты Естай Беркімбайұлының есімін аңызға айналдырған «Құсни-Қорлан» әнінің тарихы баяндалатын «QORLAN» туындысын сахнаға шығарды.



Қойылым алдында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Жас режиссер Арухан Темірбекқызының үлкен сахнадағы екінші тырнақалды еңбегі көрерменге ерекше қырымен ұсынылған.

Естайдың «Құсни-Қорлан» әні бүкіл қазақ жұртына тарап, ғашықтықтың симво-лына айналғаны рас. Бір-бірін шын сүйген жандарды тағдыр бірге болуға жазбапты. Бірақ екеуі де кіршіксіз сезімдерін бір сақинаға сыйғызып өтті. Бұл тебіреністі сәт қойылымның да өзегіне айналған. Сахнада Естайдың Қорланнан қалған жалғыз естелік – сақинаны тұмардай сақтап, қолынан тастамай жүретін көрініс көрерменнің де жүрегін тебірентпей қоймады. Тіпті, аңыздарда қайтыс боларының алдында Естай Қорлан берген сол сақинаны өзімен бірге көмуді өтінген деседі...

«QORLAN» – махаббат хикаясы ғана емес. Қойылымның драматургиялық өзегінде қазақ әйелінің тағдыры, қайсарлығы, өмірдің ауыр сынақтарына қарсы тұра білген рухы жатыр. Қорлан бейнесі арқылы қазақ әйелінің жинақталған образын көрсете білген.

Жас режиссер Арухан Темірбекқызының қазақ руханиятындағы әйгілі махаббат оқиғасын сахнаға шығаруына әжесі себепкер болыпты:

«Осыдан екі жыл бұрын, 2024 жылы алғашқы режиссерлік жұмысым – «Құлан» қойылымының тұсаукесері өткеннен кейін, әжем газеттен «Қорлан» туралы ақпарат оқыпты. Содан маған ерекше шабыт келіп, іздене бастадым. «Құсни-Қорлан» әнін жақсы білеміз, Қорланды Естайдың музасы ретінде танимыз. Ал бірақ әжем айтқан әңгімеде Қорланның өмірі кеңірек ашылған екен. Өмір жолы өте күрделі болған, ашаршылық кезеңін бастан өткеріп, Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғысты көрген тұлға. Маған қазақ әйелінің тұлғасы қызық болды. Сол үшін бұл шығарманы сахналағым келді», – дейді режиссер.

Қойылымға дайындық кезінде Қорланның бейнесі ғана емес, сонымен бірге Қорланның әпкесі Құсни мен олардың әкесінің де тағдыры терең зерттелген. Пьесаның авторы – белгілі жазушы Сержан Закерұлы. Ол бұл оқиғаны жан-жақты зерделеп, бұған дейін «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан көрсетілген сериалдың сценарийін, кейін осы шығарманың пьесасын жазған. Қойылымда Құснидің тағдыры арқылы сол дәуірдегі қыз балаға деген көзқарас пен патриархалды қоғамдағы әйелдің орны айқын бейнеленген.



«Тарихта Естай мен Қорлан екі-ақ рет жолыққан. Спектакльде де осы тарихи шындық сақталып, ғашықтардың алғашқы кездесуі мен қоштасуы сахналанады. Бұл рөл маған қиынға соқты дей алмаймын. Себебі, мұнда Естай емес, Қорлан мен Құснидің – апалы-сіңлілі екі қыздың өмірі көбірек көрсетіледі. Қазақ дәстүрінде айттырылған қыздың басқа біреуге ғашық болып, қашып кетуі – салтымызға жат нәрсе. Режиссер Қорланның тағдырын сипаттауға басымдық берді. Естайдың әндері де міндетті түрде шырқалады. Қорланға деген сезімінен туындаған әйгілі «Қорлан» әнінің шығу тарихы көрсетіледі. Қорлан болмаса, Естай бұл әнді шығармас еді. Сонымен қатар, спектакльде «Сандуғаш», тағы екі-үш әні орындалады», – деді Естайдың рөлін сомдаған актер Ілияс Шүкіман.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ДАРА ЖОЛ

Белгілі суретші-гобеленші Бәтима Зәуірбекованың көрмесі ашылды

Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінде қазақ гобелен өнері ұлттық мектебінің негізін қалаушы, суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Отан» орденінің иегері Бәтима Зәуірбекованың «Мұра жіптері» атты көрмесі ашылды. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.



Мегаполис басшысы Бәтима Зәуірбекованы ауқымды көрмесінің ашылуымен құттықтап, суретші шығармашылығының Қазақстан мәдениетіндегі маңызына тоқталды.

«Бәтима Зәуірбекова – елімізде сәндік-қолданбалы өнердің дамуына бастау болған шеберлердің бірі. Бұл көрменің біздің қала үшін де ерекше мәні бар. Себебі, Алматы қашанда ел мәдениетінің, өнерінің басты орталығы болып есептеледі. Біз үшін сабақтастықты сақтап қалатын, мәдениетімізді одан әрі дамытуға жағдай жасайтын осынау күннің маңызы зор. Құрметті Бәтима Есмұратқызы, сізді 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ұлттық өнерге сіңірген көпжылдық еңбегіңіз бен қазақ мәдениетін дамытуға қосқан үлесіңіз үшін алғысымызды білдіреміз», – деді қала әкімі Дархан Сатыбалды.

Суретші-шебердің көрмесінің ашылу салтанатында сөз сөйлеген, Астанадан келген мейман – депутат, ҚР Құрылтай төрағасының орынбасары Динара Зәкиева да өз ықыласын білдіріп, ҚР Құрылтай төрағасы Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың лебізін жеткізді.

«Құрметті Бәтима Есмұратқызы! Сіздің өнегелі жолыңыз жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Жарты ғасырдан астам уақытты қамтитын шығармашылық жолыңыз қазақ бейнелеу өнерінің тарихымен тығыз байланысты. Отандық зергерлік өнер мектебінің негізін қалап, қазақ әйелдері арасынан шыққан осы саладағы тұңғыш кәсіби маман ретінде ұлттық өнеріміздің дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіз. Әр туындыңыздан қазақтың кең даласының үні, болмысы, ұрпақтар сабақтастығы сезіледі. Ана бейнесі арқылы махаббатты, отбасы жылуын, нәзіктік пен рухани қуатты, ұлттық дәстүрдің үзілмес жалғасын әр адамның жүрегіне терең жеткізе алғансыз. Бүгінгі көрме – тек өнер туындыларының көрсетілімі ғана емес, бұл біртуар суретшінің өмір жолын, шығармашылық ізденісін, қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегін танытатын айтулы мәдени оқиға. Ұлттық өнеріміздің туын биікке көтерген шығармашылық жолыңыз әлі де талай тамаша туындылармен толыға берсін», – делінген Айбек Арқабайұлының құттықтау хатында.

Әрине, суретшінің туындылары бұған дейін де музейде бірнеше рет қойылған, кейбір жұмыстары оның қорында сақтаулы. Алайда, мұндай ауқымды көрме бұрын-соңды ұйымдастырылмаған. Вернисажға мәдениет пен өнердің өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Бәтима Зәуірбекованың достары мен туыстары қатысты.

Экспозицияға суретшінің 80-нен астам туындысы, яғни гобелендер, кескіндеме және графика жұмыстары қойылған. «Мұра жіптерінің» экспозициясы үш залды қамтиды және олардың әрқайсысының тақырыптық мазмұны әртүрлі. Бірінші залдан оның шығармашылық жолының бастауы болған алғашқы еңбектерін көруге болады. Ал келесі залдардың әрқайсысы кейіпкеріміздің шығармашылығының белгілі бір кезеңін таныстырады.

«Көрменің «Мұра жіптері» деп аталуының өзінде үлкен мән бар. Бұл атау автор туындыларының ерекшелігін, оның ұлттық мәдениетпен байланысын әрі шығармашылық жолын айшықтайды. Мыңдаған бояумен түрлендіре тоқыған әр гобеленіндегі бейнелер – замана тынысы, үні», – дейді Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова.

Иә, «Мұра жіптері» дәстүрлі ретроспектива шеңберінен асып, гобеленді өнер тілінде көрерменмен сөйлесе алатын тірі әрі заманауи медиум ретінде көрсетуге ұмтылады.

Бәтима Зәуірбекованың айтуынша, оның күні күй тыңдаудан басталады, ал музыка оған шабыт береді. Сондықтан көрме залдарында күйдің шырқалып тұрғаны да заңды. Бұл келушілердің шебердің туындыларын тереңірек сезінуіне мүмкіндік береді.

Көрмедегі монументалдық шешімдер де ерекше. Күмбездің ішіне орнатылған туындылардан қуатты энергетика сезіледі. Мөлдір шыны терезенің арғы бетінен гобелен тоқу өнерін тамашалауға да болады.

Көрменің тағы бір маңызды оқиғасы – суретшінің өмірі мен шығармашылығы туралы сыр шертетін екі каталогпен және монографиялық кітаппен танысуға болады.

Көлемі үлкен алып гобелендер қойылған көрме музей төрінде 9 қарашаға дейін тұрады. Келіңіздер, көріңіздер!

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

OPEN-AIR

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ БЕСІГІ





Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры өзінің 93-маусымының ашылу салтанатына және Қала күніне арнап «Мұра» Open-Air гала-концертін өткізді. Алматы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған ауқымды мәдени іс-шараға 250-ден астам өнерпаз және мыңдаған көрермен қатысты.

Бекзат өнердің әншілері симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен өнер көрсетіп, әуезді музыка Алматы кешін тербетіп тұрды. Бұрын мұнша өнерсүйер қауымды Абай, Астана алаңдарынан ғана көруші едік. Бұл жолы опера және балет театрының алды ашық аспан астындағы сахнаға айналып шыға келді.

Театр ұжымы 30-ға жуық нөмір ұсынды. Сән-салтанаты келіскен концерттік нөмірлердің ешқайсысын бөліп-жарып айту мүмкін емес. Үш сағатқа созылған «Мұра» бағдарламасында бір сахнада симфониялық оркестр, театрдың жетекші опера солистері, хор, балет труппасы және джаз-бэнд өнер көрсетті. Опера өнерін театр солистері Жәмила Баспақова, Гүлзат Дәуірбаева, Зарина Алтынбаева, Оксана Давыденко, Надия Наденова, Наргиз Сатмұхамбетова, Андрей Трегубенко, Олег Татамиров, Дамир Сәдуақасов, Төлеген Рахымбаев, Балуан Беркенов және басқа да өнерпаздар таныстырды. Классикалық бағдарламаның шарықтау сәттерінің бірі Джакомо Пуччинидің «Турандот» операсындағы Калафтың әйгілі ариясы болды.

Кештің арнайы мейманы Жәмила Серкебаева аңызға айналған Ермек Серкебаевтың репертуарындағы қазақ әндерінен попурри орындады. Сонымен қатар, Олег Татамировпен бірге Сальве д'Эспозитоның «Anema e core» («Жан мен жүрек») атты әйгілі неаполитандық әнін шырқады.

Кештің ерекше атмосферасын джаз бөлімі асқақтатты. Александр Трегубенко Барт Ховардтың әйгілі «Fly Me to the Moon» әнін, ал Гүлзат Дәуірбаева Джером Керннің «All the Things You Are» композициясын джаз-оркестрдің сүйемелдеуімен орындады. Кештің әсерлі финалдық нөмірлерінің бірі Фредди Меркьюридің аңызға айналған «We Are the Champions» композициясы болды. Оны Дамир Сәдуақасов орындады.

Музыкалық бағдарламаның жеке бір желісі Алматыға деген сүйіспеншілікке арналды. «Сүйікті Алматы» атты мерекелік попурриде қала тұрғындарының мәдени жадынан орын алған шығармалар, соның ішінде Мансұр Сағатовтың «Алматым менің» және Александр Зацепиннің «Гүл Алматы» әндері орындалды.

Көрермендердің ерекше қошеметіне симфониялық кинопанорама да ие болды. Ашық аспан астында «Кариб теңізінің қарақшылары», «Өкіл әке», «Сақиналар әміршісі», «Аватар», «Ведьмак» және «Тақтар ойыны» фильмдері мен сериалдарынан танымал музыкалық тақырыптар шырқалды.

«Мұра» концерті идеясының негізгі өзегіне ұлттық экологиялық «Таза Қазақстан» бастамасы арқау болды. Қазақстан табиғатының сұлулығы мен айбары кеш бойы визуалды контент арқылы көрініс тапты. Дала, тау, су, аспан және табиғи ландшафттар ауқымды проекцияларда музыканың көркем жалғасына айналды. ҚазҰОБТ-ның тарихи ғимараты жарық пен бейненің әсерлі көрінісіне шомылды. 3D-проекция, лазерлік инсталляция, жарық шешімдері, отты және пиротехникалық эффектілер, 500-ден астам сахналық костюм айтулы концерттің деңгейін әлемдік шоу сипатына жеткізгені анық. Бұл – театрдың жаңа белесі, жаңа бейнесі!

Нұр ЖАМАЛ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Абайдың өлеңдерін немесе өмірбаянындағы жекелеген деректі білу жеткіліксіз. Ең бастысы, хакім шығармасының мәнін түсініп, өмірлік шешім қабылдауда ақынның өсиеттерін бағдар ету. Бүгінгі абайтанудың негізгі міндетінің бірі де сол. Дәл осы бағытта Алатау ауданындағы №149 мектепте «Тіл – ұлттың жаны, Абай – ұлттың шамшырағы» атты мазмұны мәнді жиын өтті.

Тағылымды тағзым

Тіл мерекесімен қатар өрілген бұл айтулы іс-шараның тағы бір ерекшелігі – білім ордасында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлына арналған арнайы залдың салтанатты түрде ашылуы болды. Ұлттың тарихы мен тағдыры, салт-дәстүрі мен дүниетанымы, қуанышы мен мұңы ең алдымен ана тілінде таңбаланады.

Сондықтан ана тілін ардақтау – белгілі бір пәнді немесе сөздерді меңгеру ғана емес, өз ұлтыңның рухани тамырын тану. Тіл бар жерде ұлттық сана бар, ұлттық сана бар жерде ұлттың болашағы бар.Осы тұрғыдан келгенде, қазақ сөзінің қадірін биіктетіп, ана тілінің көркемдік мүмкіндігін әлемге танытқан ұлы тұлға Абай Құнанбайұлы. Абай шығармалары – қазақ тілінің қуатын танытатын аса биік рухани мұра. Ақын қарапайым сөзбен терең философиялық ой айтып, адам болмысы, білім, ғылым, еңбек, ар-ұят пен адамгершілік туралы толғанды. Оның әрбір шығармасы оқырманын дайын жауапқа емес, ойлануға, ізденуге, өзін тануға жетелейді.

Жиынның ашылуында мектеп директоры Әсем Сайлаубекқызы оқушыларды Абай залын ашудың білім алушылар үшін маңызы зор екенін атап өтті. Абай залы – енді мектеп оқушылары үшін білім мен ізденістің, әдебиет пен руханияттың ерекше мекеніне айналмақ. Мұнда жас ұрпақ ақын шығармаларын оқып қана қоймай, оның ойларын бүгінгі заманмен сабақтастырып, пікірталас өткізіп, зерттеу жұмыстарымен айналысып, шығармашылық ізденістерін шыңдай алады.

Мерекелік кештің мазмұнын оқушылардың өнері де айшықтай түсті. Жас өрендер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өлең оқып, ән орындады. Салтанатты жиын барысында оқушылардың өнер көрсетуі – мектепте тіл мен әдебиетті дәріптеудің құрғақ ұраны емес, оқушының шығармашылығы арқылы жүзеге асып жатқанын аңғартты. Өлең оқу, ән айту, көркем сөзді мәнерлеп жеткізу арқылы жас ұрпақ тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, адамның ойы мен сезімін, ұлттық рухын жеткізетін қуатты құрал екенін сезінді.

Тіл мерекесінде ашылған Абай залының символдық мәні де айрықша болды. Кешті қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Э.Қалбергенова жүргізіп, мерекелік іс-шараның мазмұнын Абай мұрасымен және тіл тағылымымен сабақтастыра білді. Абай сөзі жас ұрпақтың санасына сәуле түсіріп, әр оқушыны «Мен қандай адам болуым керек?», «Еліме қандай пайда келтіремін?», «Тілім мен мәдениетімді қалай құрметтеймін?» деген маңызды сауалдарға ой жүгіртті.

Абайды оқу – ұлы ойшылдың сөзін қайталау ғана емес, оның адам болу туралы терең тағылымын жүрекке сіңіру. Бұл тағылымды іс-шара тіл мен әдебиетті, ұлттық рух пен заманауи білімді бір арнаға тоғыстырған маңызды қадам. Абай залы білім іздеген жас ұрпақтың рухани ордасына айналып, ұлы ақынның өнегелі сөзі талай буынның жүрегіне жол таба бергей! Тіл – ұлттың жаны болса, Абай ұлттың шамшырағы. Ал сол тіл мен Абай мұрасын дәріптейтін ұрпақ елдің ертеңгі рухани тірегі.

Ділдаш ДЕМЕУБЕККЫЗЫ,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Жасампаздар кеңістігі

Шаһардағы Америка бұрышы мен Makerspace орталығы тегін білім беру, дағдыларды дамыту және мәдени алмасу арқылы Қазақстан жастарының мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған жиырмажылдық мерейтойын атап өтті.

Салтанатты іс-шара Алматы қаласында Жамбыл атындағы жастар кітапханасында өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ашылған сәттен бастап Америка бұрышы белсенді қауымдастық орталығы ретінде қызмет етіп келеді.

Бүгінде Makerspace жобасымен біріктірілген орталық ағылшын тілі ресурстарына, ақпараттық қызметтерге, цифрлық дағдыларды үйретуге, сондай-ақ робототехника, бағдарламалау, 3D-басып шығару және басқа да STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) бағыттары бойынша тәжірибелік білім алуға тегін мүмкіндік береді.



Мерейтойлық іс-шара АҚШтың Алматыдағы Бас консулы Питер Кауфман ұзақ мерзімді дипломатиялық және экономикалық серіктестікті орнатудағы халықтар арасындағы тығыз байланыстың маңыздылығын атап өтті.

– АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынастың 35 жылдығын атап өту барысында Алматыдағы Америка бұрышының 20 жылдығын атап өтуіміз ерекше мәнге ие. Бүгінгі таңда бұрын-соңды болмаған берік екіжақты қарым-қатынасымыздың күші тек жоғары деңгейдегі келісімдер мен келіссөздердің арқасында емес, сонымен бірге Америка бұрыштарында жиналатын көшбасшылар мен инноваторлар қауымдастығы арқылы қалыптасқан көпжылдық сенімді көрсетеді. Дайындықтан өткен әрбір ерікті, ағылшын тілін жетілдірген әрбір студент, жаңа идея тапқан әрбір кәсіпкер – бұл АҚШ пен Қазақстанның бірлескен жұмысының айқын дәлелі, – деді Бас консул.

Айта кеткен жөн, Америка бұрышы мен Makerspace – АҚШтың Алматыдағы Бас консулдығы мен Алматы қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің серіктестігі аясында жұмыс істейтін тегін білім беру және мәдени орталық. Жамбыл атындағы жастар кітапханасында орналасқан. Мұнда ағылшын тілі бағдарламаларына, STEAM және технологиялар бойынша шеберлік сыныптарына, тренингтерге тегін қатысуға болады.

Досбол АТАЖАН.

ТҮРКІСТАН ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕГЕН...

Алматыдағы «Абай» кітап үйінде «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны аясында «Мәңгілік және әрқашан жаңа Түркістан» атты кітап-альбомның тұсаукесері өтті.

Құнды құжатқа баланған тарихи еңбекті жарыққа шығару оңайға түскен жоқ. «Алматыкітап» баспасының мамандары көне Түркістан қаласының тарихын жанжақты зерттеп, төрт жыл бойы ауқымды жұмыс жүргізген.

Кітаптың тұсаукесеріне тарихшылар, әдебиетшілер мен қоғам қайраткерлері қатысты. Түркістанның өткені мен бүгінін сабақтастыра баяндаған басылымның негізі мұрағат материалдарынан басталып, арнайы экспедициялармен жалғасын тапқан. Зерттеу тобы Қазақстанның түрлі өңірлерімен қатар, Ресей мен Өзбекстанға да барып, Түркістан тарихының іздерін іздестірді.

– Біз көп іздендік. Нәтижесінде ел тарихы үшін аса құнды деректерге қол жеткіздік. Мәселен, Әмір Темір дәуіріне тиесілі көне қола шамдардың тарихын анықтадық. Оның төртеуі Түркістанда сақталған болса, 1906 жылы олардың біреуі жасырын түрде Парижге әкетілген. Кейін ол Лувр мұражайының қорына өтіп, бүгінде ашық экспозицияда тұр.

Тағы екі шам 1935 жылы Тайқазанмен бірге Иран өнеріне арналған конференция кезінде Эрмитажға уақытша сақтауға берілген. Тайқазан Қазақстанға қайтарылғанымен, екі шам Эрмитажда қалып қойған. Ұзақ келіссөздер мен Қазақстан Мәдениет министрлігінің қолдауының арқасында Санкт-Петербургке барып, осы жәдігерлерді өз көзімізбен көріп, суретке түсіруге мүмкіндік алдық, – деді «Алматыкітап» баспасының президенті Гаухар Саймасаева.



Зерттеу жұмыстары барысында тосын мүмкіндіктер де кездескен. Кітапты толықтыру мақсатында Түркістанға барған делегация жергілікті музейдің көшіп жатқан сәтіне тап болған. Соның арқасында көпшілік назарына ұсынылған бірқатар экспонатты көруге мүмкіндік туған. Сондай-ақ, арнайы фототүсірілім жасау үшін жеке экспозициялар ұйымдастыруға да келісім алынған.

Кітапта Түркістанның тарихын айшықтайтын көптеген бірегей фотосуретпен қатар, өткен ғасырдың басында көне шаһардан шабыт алған орыс суретшілерінің туындылары да ұсынылған. Олардың қатарында белгілі суретші Павел Кузнецовтың еңбектері бар. Туындылардың бірінің фотосы алматылық коллекционер Азат Ақымбектің жеке жинағынан табылып, кітапқа енгізілген.

Жобаға қазіргі заманғы суретшілер де атсалысқан. Атап айтқанда, басылымнан Дәурен Қастеевтің шығармаларын көруге болады.

Жиналған мол деректі тарих ғылымының докторы, профессор Саттар Мәжитов жүйелеп, бірыңғай мәтінге біріктірген.

– Бұл ұзақ әрі маңызды жұмыс болды. Көп іздендік, пікір алмастық, таластық. Нәтижесінде кітаптан Түркістан тарихына қатысты көптеген маңызды әрі жаңа мәліметтерді табуға болады, – деді Саттар Мәжитов.

Кітаптағы барлық материалды «Алматыкітап» баспасы жинақтап, Қытайда бастырған. Баспагерлердің айтуынша, бұл таңдау әлемнің көптеген музейлері өз каталогтарын басып шығаратын баспаханалардың бірінде кітапты жоғары сапада әзірлеу мүмкіндігімен байланысты.

Жаңа басылым Қытайда өткен кітап жәрмеңкесінде де таныстырылған. Кітаптың таралымы қазақ тілінде – 8 мың, орыс тілінде 5 мың дананы құрайды.

«Мәңгілік және әрқашан жаңа Түркістан» – көне шаһардың сан ғасырлық тарихын, мәдени мұрасын және оның әлемдік өркениеттегі орнын таныстыратын мазмұнды еңбек. Кітаптың әр беті Түркістанның өткенін жаңғыртып қана қоймай, тарихи мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызын да айқындай түседі.

Рая ЕСКЕНДІР.

ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯ

Тікұшақ алаңы бар аурухана



Алматының медицинасы жаһандану дәуірінен қалмай, қарқынды дамып келеді. Жаңа инновациялардың бірі – №4 қалалық клиникалық ауруханаының базасында құрылған Аймақтық травматология және ортопедия орталығындағы тікұшақ алаңы.



Бұл – мегаполистегі стационарлардың ішінде тікұшақ қонатын алаңы бар жалғыз медициналық ұйым. Ол ауыр жарақат алған науқастарды, соның ішінде Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары таулы және жетуі қиын өзге де аумақтан эвакуациялаған адамдарды ауруханаға жедел жеткізеді.

«Травматологияда алғашқы сағат, яғни «алтын сағат» аса маңызды. Тікұшақ алаңының болуы науқасты ауруханаға жеткізу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта санитариялық авиацияның мүмкіндігін кеңейту көзделіп отыр. Алматыдағы тікұшақ алаңдарының санын төртке дейін жеткізу жоспарланған», – дейді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов.

Аймақтық травматология және ортопедия орталығы биылғы тамызда ашылды. Мұнда ауыр жарақат алған науқастарға шұғыл тексеру мен диагностикадан, күрделі отадан бастап медициналық оңалтуға дейінгі толыққанды көмек көрсетіледі.

№4 қалалық клиникалық ауруханаңы жаңғырту аясында қабылдау бөлімі кеңейтіліп, пациенттерді жағдайының ауырлығына қарай сұрыптаудың халықаралық triage жүйесі енгізілді. Бөлімнің тәулігіне қабылдайтын науқас саны 250-ден 450-ге дейін артты. Қабылдау бөлімінде төрт операциялық зал жұмыс істейді, оның екеуі жаңадан ашылды. Сондай-ақ, 12 төсек-орынға арналған жедел анестезиология және реанимация бөлімі бар.

Ауруханада заманауи соңғы үлгідегі B-Plan ангиографымен жабдықталған Тері арқылы коронарлық араласулар орталығы да жұмыс істейді. Мұнда жүрек тамырларын жоғары дәлдікпен тексеру және емдеу шаралары жүргізіледі.

№4 қалалық клиникалық ауруханаға – 500 мыңнан астам алматылыққа медициналық көмек көрсететін ірі көпбейінді ауруханаға. Клиника бірқатар медициналық бағыт бойынша Алматының барлық тұрғынына қызмет көрсетеді.

Мұнда жыл сайын 12 500-ге дейін ота жасалады. Ауруханада 1118 қызметкер еңбек етеді, оның 260-ы – дәрігер.

СҮЙІНШІ!



Алматыда үшем дүниеге келді

Алматыда тағы бір отбасының қуанышы еселенді. №2 қалалық перинаталдық орталықта үшем дүниеге келді. Үшеуі де ұл бала. Бұл сүйінші хабарды Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы жеткізді.

Үшемді өмірге әкелген алматылық ананың жасы 27-де. Нәрестелердің үйде төрт жастағы ағасы бар. Дәрігерлердің айтуынша, жүктілік трихориалды-триамниотикалық түрде өткен. Яғни әр сәбидің жеке плацентасы мен ұрық қабы болған, үшемдер бір-бірінен бөлек дамыған.

Нәрестелер кесар тілігі арқылы дүниеге келген. Сәбилердің салмағы 1740–1978 грамм аралығында болса, бойлары 34–37 сантиметр.

Туылғаннан кейін нәрестелердің біріне қарқынды респираторлық қолдау қажет болып, ол екі күн бойы өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Қазір үш сәби де дәрігерлердің тұрақты бақылауында және СИПАП-терапия алып жатыр. Дәрігер-мамандар олардың жағдайында оң динамика байқалып отырғанын айтады.

Ата-анасы ұлдарына Омар, Мирас және Мүслім деген есім берген. Жас ананың айтуынша, алғашында олар өте кішкентай әрі әлсіз көрінген екен. Дегенмен, орталық қызметкерлері медициналық көмекпен қатар, анаға психологиялық тұрғыдан да үлкен демеу көрсеткен. Қазіргі таңда сәбилер №2 қалалық перинаталдық орталық мамандарының тұрақты бақылауында. Сәбилер Алматыда жыл басынан бері дүниеге келген үш үшемнің бірі. Жалпы, биыл Алматыда 603 егіз және 6 үшем дүниеге келді.

Рая ЕСКЕНДІР.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Заманауи тәсілдер талқыланды



Шаһарда неонатология саласына арналған «Шала туған нәрестелерді күтіп-баптаудың заманауи тәсілдері: мультидисциплинарлық тәсіл» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шараға қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов қатысты.

«Бұл конференцияның тақырыбы Алматы үшін ерекше маңызды. Қалада жыл сайын 36 мыңнан астам бала дүниеге келеді, оның ішінде 2800-ден астамы – шала туған нәресте. Бүгінде перинаталдық және неонаталдық көмектің дамуының арқасында дене салмағы өте төмен, оның ішінде салмағы 500 грамнан басталатын сәбилерді де аман алып қалуға мүмкіндік бар», – деді Марат Пашимов.

Оның айтуынша, мұндай жағдайлардың әрқайсысының артында заманауи технологиялар, мамандардың тәжірибесі және бүкіл медициналық команданың үйлесімді жұмысы тұр.

Алматыда нәрестелерге медициналық көмек көрсету инфрақұрылымы дамып келеді. Мәселен, материалдық-техникалық база нығайтылып, диагностика мен қарқынды терапияның заманауи әдістері енгізілуде. Сонымен қатар, медицина кадрларын даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға тұрақты түрде ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл ретте көмек бала стационардан шыққаннан кейін де жалғасын табады. Қалада ерте араласу және оңалту жүйесі дамып келеді. Ол баланың жағдайын бақылауға, дамуындағы ықтимал ауытқуларды дер кезінде анықтауға және қажетті көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Конференцияға отандық дәрігерлермен бірге шетелдік жетекші мамандар да қатысты. Сарапшылар шала туған нәрестелерді күтіп-баптаудың практикалық тәсілдерін, асқынулардың алдын алуды, заманауи технологияларды және кішкентай пациенттерді одан әрі бақылау мәселелерін талқылады.

Кәсіби тәжірибе алмасу неонатологиялық көмекті одан әрі жетілдіруге, мерзімінен бұрын дүниеге келген балалар мен олардың отбасыларының өмір сапасын арттыруға бағытталған.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Қан қысымын бақылап тұрыңыз



Артериялық қысымды неліктен бақылау маңызды екені туралы «Құлагер» БМСКО дәрігері Анэля Ярмұхаметова айтып берді.

Артериялық гипертония – ең көп таралған созылмалы аурулардың бірі. Оны бақылап отырмасақ, соңы миокард инфарктісі, инсульт, жүрек ырғағының бұзылуы және бүйректің зақымдануы ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

«Қан қысымының жоғары болуы жүрек пен қан тамырларына түсетін жүктемені арттырады. Уақыт өте келе бұл нысана-мүшелердің, яғни жүректің, мидың, бүйректің және қан тамырларының зақымдануына әкелуі ықтимал», – дейді дәрігер.

Ыстық күндері қан қысымын бақылауға ерекше көңіл бөлу қажет. Жоғары температура ағзаның сұйықтықты көп жоғалтуына ықпал етеді, бұл артериялық қысымның ауытқуына және денсаулық жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін. Гипертониясы бар адамдар дәрігердің ұсынымдарын ескере отырып, сұйықтықты жеткілікті мөлшерде қабылдауы, күн астында ұзақ уақыт болудан және ыстық уақытта қарқынды дене жаттығуларынан аулақ болуы керек.

Асқынулардың алдын алу үшін маман артериялық қысымды үнемі өлшеп тұруды, тағайындалған дәрі-дәрмектерді қабылдауды өткізіп алмауды, тұзды тағамдарды шектеуді, темекі мен алкогольден бас тартуды, дене белсенділігін сақтауды және дене салмағын бақылауды ұсынады.

Денсаулық жағдайы күрт нашарлаған кезде, кеуде тұсы қатты ауырса, айқын ентігу пайда болса, сөйлеу бұзылса немесе аяқ-қолында әлсіздік байқалса, шұғыл түрде медициналық көмекке жүгіну қажет.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.





ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

XX жазғы Азия ойындарының жүлдегерлері мен жаттықтырушылар құрамы Алматыға ұшып келді.

Алдымен, Азиадада сырықпен секіруден Қазақстан әйелдер спорты тарихындағы алғашқы жүлдені жеңіп алған Полина Иванова түнгі рейспен келді. Спортшыны жеңіл атлетика федерациясының өкілдері, туған-туыстары мен достары салтанатты түрде қарсы алды.

– Жалпы жарыс оңай болған жоқ, бәсекелестік өте жоғары. Нәтижелер бойынша мен 7-орында тұрдым, ал басты мақсатым үздік бестікке ену еді. Оның өзі мен үшін өте жақсы нәтиже болатын еді. Дегенмен, Қазақстан рекордын жаңартсам, 100% медальға таласамын деген іштей үміт болды. Ел рекордын жаңартпасам да, өз нәтижеммен қола жүлде жеңіп алдым. Әсерімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Басында медаль алғаныма сенбей де қалдым, – деп әсерімен бөлісті Полина Иванова.

Спортшы бұл жарысқа биыл көктемнен бері дайындалғанын атап өтті. Ол Азия ойындарының алдында Оңтүстік Кореяда өткен жарыста Қазақстан рекордын қайталаған. Әрі қарай Жапонияға аттануға Алматыда дайындалған. Полина Азиада ойындары барысында отандастарының қолдауын сезінгенін айтып, ағынан жарылды.

– Иә, үйде жақындарымның маған жанкүйер болып, тамашалап отырғанын білдім. «Медаль алған соң әкеме хабарласамын» деп ойладым. Жарыс барысында федерация тарапынан да, жалпы бүкіл Қазақстаннан қолдау өте қатты сезілді.



Медаль алғаннан кейін жылы лебіздер мен құттықтауларды оқу – шынайы қуаныш сыйлады. Алдағы жоспарларыма келсек, біршама уақыт демалып, одан кейін Ыстықкөлде қысқы маусымға дайындықты бастаймыз, – деді ол.

Полинадан кейін күндізгі рейспен Алматыға тағы бір топ спортшы ұшып келді. Олардың қатарында ауыр атлетикадан Азия ойындарының күміс жүлдегерлері Нұрғиса Әділетұлы және Аянат Жұмағали, жеңіл атлетикадан Азиаданың күміс жүлдегерлері Кристина Морозова (жартылай марафон қашықтығындағы спорттық жүріс), Кристина Овчинникова (биіктікке секіру), Нора Джеруто (300 м кедергілер арқылы жүгіру), құраштан Азия ойындарының қола жүлдегері Әділет Ахметғали, сондай-ақ марафондық спорттық жүрістен сынға түскен жеңіл атлет Ясмина Тоқсанбаева бар.



Құшақтары гүл шоқтарына толған жеңімпаздар біраз уақыт көріспеген жақындарымен жолығып, халықаралық терминалда мерекелік атмосфера орнады. Дегенмен, Жапониядан келген отандастарымыз аз уақыт демалыстан кейін жаңа жарыстарға дайындықты бастамақшы.

– Бізді жылы лебізбен қарсы алып жатыр. Азия ойындарында қола жүлде жеңіп алдым. Алтын үшін бардық, бірақ бұйырғаны осы болды. Жалпы жарыс жоғары деңгейде өтті. Алдағы жоспарым, Астанада өтетін әлем чемпионатында жеңіске жету. Соған дайындықты бастаймыз, – деді құраштан Азия ойындарының қола жүлдегері Әділет Ахметғали.

Ал алматылық спортшы, Азия ойындарының күміс жүлдегерлері Аянат Жұмағали туған қаласын сағынғанын айтты.

– Жарыс керемет өтті. Қазақ еліне алтын болмаса да, осындай күміс сыйлағаныма қуаныштымын. Бұл мен үшін бірінші Азия ойындары. Оған жыл бойы дайындалдық деуге болады. Өзімізде де, шетелде де оқу-жаттығулар өткіздік. Нәтижесін берді. Бірақ алдағы уақытта көп демалуға мүмкіндік болмайды. Себебі, бізде осы айдың аяғында әлем чемпионаты күтіп тұр, – деді ол.

Әуе айлағына жиналған жұрт ерекше назар аударған адамдардың бірі – алматылық жеңіл атлет Ясмина Тоқсанбаева болды. Ол жеңіл атлетикадан әйелдер арасында спорттық жүрістен марафон қашықтығын 3 сағат 22 минут 20 секунда бағындырып, мәреге бірінші болып жеткен болатын. Алайда, кейін оның нәтижесі жойылды. Оған спортшының аяқкиімі жарыста бекітілген тізімге сәйкес келмеуі себеп болды. Десе де, Қазақстанның жеңіл атлетика федерациясы Тоқсанбаева нәтижесі жойылғанымен, оған жеңіс үшін өтемақы толықтай төленетінін хабарлады.

Әуежайда Ясмина Тоқсанбаева жарыстағы нәтижесі жойылғанда қандай сезімде болғанын түсіндіріп, өзіне қолдау білдірген жандарға алғысын айтты.

– Осы жағдайды естігенде бөлмеде жатқан едім. Денем тырысып, қатты күйзелісте болдым. Қасымда дәрігер отырды. Іштей «бәрі менен теріс айналады, теріс пікірлер болады» деген ойлар келді. Бірақ бәрі керісінше болды. Қазақстаннан ғана емес, Мексикадан, Қытайдан да маған адамдар қолдау білдіріп жатыр. Туризм және спорт министрлігінен бастап жеңіл атлетика федерациясына дейін осы бір қиын сәтте маған қолдау көрсетуде. Алда бүкіл спорттық өмірім тұр. Келесі жылы әлем чемпионатының медалі үшін күресемін. Бұл менің алғашқы Азиадам болды, – деді ол.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ГИМНАСТИКА ХАНЗАДАСЫ»

жастармен кездесті

Алматыдағы №9 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің тәрбиеленушілері аты аңызға айналған қытайлық гимнаст, үш дүркін Олимпиада чемпионы және LI-NING халықаралық спорт брендінің негізін қалаушы Ли Нинмен кездесті.

Іс-шара барысында даңқты спортшы мектеп оқушылары мен жаттықтырушыларына өзінің спорттағы тәжірибесі туралы айтып берді. Жас спортшылар арнайы көрсетілім ұйымдастырып, спорттық гимнастиканың түрлі элементтерін орындады. Ли Нин тәрбиеленушілердің дайындығымен танысып, олардың жаттығу барысын тамашалады.

Олимпиада чемпионы жас спортшыларға қол жеткізген жетістіктерімен шектелмей, жаттығуларын жалғастырып, алға қойған спорттық мақсаттарына табандылықпен ұмтылуға тілектестік білдірді. Көрсетілімнен кейін балалар әйгілі гимнасттан қолтаңба алды.

– Мен Алматыға Қазақстан нарығы мен спорт саласын зерттеу үшін келдім. Осы гимнастика залын көріп, мұнда жаттығып жатқан қыз-жігіттерді, спортқа деген ұмтылысы бар дарынды балаларды жолықтырғаныма өте қуаныштымын. Бұл – өте керемет көрініс. Иә, мен де кішкентай кезімде дәл осындай гимнастика залында жаттықтым. Ал Қазақстанның тарихында гимнастикадан шыққан чемпиондар өте көп. Біздің заманымызда Нелли Ким, Валерий Люкин сияқты аңыз тұлғалар болды, – деді Ли Нин.

Сонымен қатар, үш дүркін Олимпиада чемпионы Алматы туралы әсерімен бөлісті. Оның айтуынша, бұл қала – заманауи келбетімен қатар, дәстүрлі мәдениеті терең сақталған шаһар.

Еске салайық, Ли Нин – Қытай спорты тарихындағы ең танымал тұлғалардың бірі. 1982 жылы спорттық гимнастикадан өткен Әлем кубогында ол алты алтын медаль жеңіп алып, содан кейін «Гимнастика ханзадасы» деген лақап атқа ие болды. Ал 1984 жылы Лос-Анджелесте өткен Олимпиада ойындарында спортшы бірден алты жүлде – үш алтын, екі күміс және бір қола медаль жеңіп алды.



Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 11 қыркүйектегі №337 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 22 қыркүйекте №230180 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2026 жылғы 11 қыркүйектегі **№337**

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 «Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 «Алматы қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 346 034 784,5 мың теңге, оның ішінде:
салық түсімдері – 2 215 817 050,2 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 76 493 225,5 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 28 642 386 мың теңге;
арнаулы түсімдер – 2 117 624,8 мың теңге;
трансферттер түсімі – 22 964 498 мың теңге;
2) шығындар – 2 765 820 199 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 22 581 194 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 28 000 000 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 5 418 806 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 85 104 176 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 87 363 623 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -527 470 784,5 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 527 470 784,5 мың теңге»;

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы **М.ОТЫНШИЕВ**

Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№337 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2025 жылғы 10 желтоқсандағы
№267 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2026 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Специфика	Атауы	Сумма, мың теңге
1				2	3
				I. Кірістер	2 346 034 784,5
1				Салықтық түсімдер	2 215 817 050,2
	01			Табыс салығы	1 601 238 236,2
		1		Корпоративтік табыс салығы	754 760 199,0
		2		Жеке табыс салығы	846 478 037,2
	03			Әлеуметтік салық	409 067 071,0
		1		Әлеуметтік салық	409 067 071,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	79 713 130,4
		1		Мүлікке салынатын салықтар	48 675 439,0
		3		Жер салығы	4 695 422,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	26 331 669,0
		5		Бірыңғай жер салығы	10 600,4
	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	85 830 657,6
		2		Акциздер	23 190 919,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	14 432 383,3
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	48 207 355,3
	07			Басқа да салықтар	1 100,0
		1		Басқа да салықтар	1 100,0
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	39 966 855,0
		1		Мемлекеттік баж	39 966 855,0
2				Салықтық емес түсімдер	76 493 225,5
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 536 673,5
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	912 027,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	691 556,0
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	386 300,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 502 010,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	44 754,0
		9		Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	26,5
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10 630,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10 630,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 341,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 341,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	34 341 617,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	34 341 617,0
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	36 526 964,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	36 526 964,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	28 642 386,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 850 591,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 850 591,0
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	5 791 795,0
		1		Жерді сату	5 491 795,0
		2		Материалдық емес активтерді сату	300 000,0
4				Арнаулы түсімдер	2 117 624,8
	1			Арнаулы түсімдер	2 117 624,8
		1		Арнаулы түсімдер	2 117 624,8
5				Трансферттердің түсімдері	22 964 498,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	22 964 498,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	22 964 498,0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сумма, мың теңге
				II. Шығындар	2 765 820 199,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	28 200 099,0
		111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	376 834,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	370 967,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 867,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	6 570 044,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	6 570 044,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	9 768 514,0
			001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	6 339 365,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 429 149,0
		362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	272 397,0
			013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	272 397,0
		379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	853 038,0
			001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	830 106,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 932,0
		318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	1 848 632,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 206 902,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	8 667,0
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	75 000,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	558 063,0
		523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	5 894 702,0
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 374 009,0
			002	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	90 790,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	34 910,0
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	394 993,0
		302		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	348 000,0
			004	Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету	348 000,0
		369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	2 267 938,0
			001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 659 043,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 128,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	605 767,0
02				Қорғаныс	21 028 534,0
		515		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	756 219,0
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	194 612,0
			004	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	561 607,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	2 177 916,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	2 177 916,0
		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	5 288 430,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	4 163 122,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	277 250,0
			005	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	848 058,0
		515		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	12 805 969,0
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 408 530,0
			006	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	10 214 675,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14 800,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	167 964,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	58 194 926,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	42 289 789,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	39 275 733,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 996 056,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	395 015,0
			004	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	395 015,0
		522		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің атқарушы органы	467 101,0
			001	Қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	372 952,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	94 149,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	15 043 021,0
			004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	15 043 021,0
04				Білім беру	518 915 997,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	83 395 544,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	83 395 544,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	5 678 527,0
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	70 300,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	5 608 227,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	9 777 988,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 128 014,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 649 974,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	265 305 342,0
			003	Жалпы білім беру	61 420 022,0
			004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	8 894 202,0
			005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 798 447,0
			008	Балаларға қосымша білім беру	11 798 612,0
			040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	156 239 993,0
			204	Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	24 154 066,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	64 950 475,0
			027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	2 208 067,0
			028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	51 854 196,0
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	10 888 212,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	3 791 779,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 791 779,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	62 824 020,0
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	62 824 020,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	176 040,0
			046	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	176 040,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	26 958,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	26 958,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	575 516,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	575 516,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 102 523,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 102 523,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	21 311 285,0
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	621 066,0
			006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	2 192 772,0
			007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	4 500 000,0
			009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 531 669,0
			013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	2 987 342,0
			014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	473 868,0
			021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	454 118,0
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алған Қазақстан азаматтарына берілетін біржолғы ақшалай қаражат төлемі	4 880,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	8 373 035,0
			069	Балалар құқығын қорғау саласында іс шаралар өткізу	172 535,0
05				Денсаулық сақтау	99 633 284,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	13 175 276,0

			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	413 250,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	57 712,0
			017	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	35 580,0
			041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	12 668 734,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 920 530,0
			024	Жергілікті атқарушы органдар төлейтін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекеттің жарналарына әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілетін трансферттер	3 920 530,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	45 691 811,0
			009	Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	511 999,0
			038	Дәнсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	45 179 812,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	5 341 928,0
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	5 341 928,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 195 740,0
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	1 195 740,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	82 836,0
			029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	82 836,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	30 225 163,0
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	640 662,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	209 438,0
			016	Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	7 294,0
			018	Дәнсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	247 093,0
			030	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4 821,0
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	29 115 855,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	70 610 298,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 629 361,0
			056	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 629 361,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	14 604 697,0
			014	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында карттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 891 578,0
			020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	4 275 496,0
			021	Оңалту орталықтарында карттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 452 557,0
			022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 777 253,0
			029	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	2 565,0
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	652 915,0
			076	Әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 552 333,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	2 294 417,0
			016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 821 958,0
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	472 459,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	2 624 887,0
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	2 624 887,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	23 427 775,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 197 684,0
			030	Тұрғын үй көмегін көрсету	29 951,0
			031	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	4 543 014,0
			033	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	10 399 200,0
			035	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	6 257 926,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	7 580 714,0
			018	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	7 580 714,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	12 433 135,0
			003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	9 560 431,0
			009	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	1 951 054,0
			016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	921 650,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 892 562,0
			036	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	30 387,0
			037	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	2 160 615,0
			039	Кохлеарлық имплланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	701 560,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 902 622,0
			001	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	875 290,0
			019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	396 186,0
			028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	443 063,0
			066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	11 000,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	177 083,0
		362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	65 197,0
			077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	65 197,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	500 000,0
			054	Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	200 000,0
			068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	300 000,0
		376		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың балалардың құқығын қорғау басқармасы	654 931,0
			001	Жергілікті деңгейде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	107 718,0
170	Райымбек батыр даңғылы (Аносов көшесінен Розыбакиев көшесіне дейін)	2025	200 (екі жүз)
171	Розыбакиев көшесі (Райымбек батыр даңғылынан Төле би көшесіне дейін)	2024	200 (екі жүз)
172	Шевченко көшесі (Мәуленов көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін)	2017	200 (екі жүз)
173	Шевченко көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2018	200 (екі жүз)
174	Шевченко көшесі (Назарбаев даңғылынан Достық даңғылына дейін)	6014	200 (екі жүз)
175	Шевченко көшесі (Достық даңғылынан Зенков көшесіне дейін)	6015	200 (екі жүз)
176	Құрманғазы көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2017	200 (екі жүз)
177	Құрманғазы көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2018	200 (екі жүз)
178	Құрманғазы көшесі (Назарбаев даңғылынан Достық даңғылына дейін)	6014	200 (екі жүз)
179	Сейфуллин даңғылы (Абай даңғылынан Қ.Сәтбаев көшесіне дейін)	4004	200 (екі жүз)
180	Наурызбай батыр көшесі (Абай даңғылынан Қ.Сәтбаев көшесіне дейін)	4004	200 (екі жүз)
181	Уәлиханов көшесі (Абай даңғылынан Қ.Сәтбаев көшесіне дейін)	6021	200 (екі жүз)
182	Достық даңғылы (Абай даңғылынан Жолдасбеков көшесіне дейін)	6020	200 (екі жүз)
183	Қ.Сәтбаев көшесі (Достық даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін)	6021	200 (екі жүз)
184	Жамбыл көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2018	200 (екі жүз)
185	Қабанбай батыр көшесі (Назарбаев даңғылынан Достық даңғылына дейін)	6014	200 (екі жүз)
186	Қабанбай батыр көшесі (Достық даңғылынан Қалдаяқов көшесіне дейін)	6015	200 (екі жүз)
187	Қарасай батыр көшесі (Панфилов көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2007	200 (екі жүз)
188	Бөгенбай батыр көшесі (Достық даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін)	6013	200 (екі жүз)
189	Бөгенбай батыр көшесі (Абдуллин көшесінен Достық даңғылына дейін)	6012	200 (екі жүз)
190	Төле би көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
191	Төле би көшесі (Желтоқсан көшесінен Абылай хан даңғылына дейін)	2005	200 (екі жүз)
192	Төле би көшесі (Абылай хан даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін)	2007	200 (екі жүз)
193	Төле би көшесі (Қонаев көшесінен Пушкин көшесіне дейін)	6013	200 (екі жүз)
194	Қазыбек би көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2006	200 (екі жүз)
195	Қазыбек би көшесі (Назарбаев даңғылынан Қалдаяқов көшесіне дейін)	6011	200 (екі жүз)
196	Әйтеке би көшесі (Желтоқсан көшесінен Панфилов көшесіне дейін)	2006	200 (екі жүз)
197	Әйтеке би көшесі (Назарбаев даңғылынан Төлебаев көшесіне дейін)	6011	200 (екі жүз)
198	Гоголь көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
199	Гоголь көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2006	200 (екі жүз)
200	Гоголь көшесі (Назарбаев даңғылынан Қалдаяқов көшесіне дейін)	6011	200 (екі жүз)
201	Жібек жолы даңғылы (Масанчи көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2045	200 (екі жүз)
202	Жібек жолы даңғылы (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2046	200 (екі жүз)
203	Жібек жолы даңғылы (Желтоқсан көшесінен Абылай хан даңғылына дейін)	2047	200 (екі жүз)
204	Жібек жолы даңғылы (Қонаев көшесінен Пушкин көшесіне дейін)	6001	200 (екі жүз)
205	Жібек жолы даңғылы (Қалдаяқов көшесінен Мәдениет және демалыс саябағына дейін шығыс бағытта)	6002	200 (екі жүз)
206	Әлімжанов көшесі (Абылай хан даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін)	2047	200 (екі жүз)
207	Әлімжанов көшесі (Төлебаев көшесінен Қонаев көшесіне дейін)	6058	200 (екі жүз)
208	Әлімжанов көшесі (Қонаев көшесінен Пушкин көшесіне дейін)	6001	200 (екі жүз)
209	Мақатаев көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2046	200 (екі жүз)
210	Мақатаев көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2047	200 (екі жүз)
211	Мақатаев көшесі (Назарбаев даңғылынан Пушкин көшесіне дейін)	6047	200 (екі жүз)
212	Молдағұлова көшесі (Абылай хан даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін)	2043	200 (екі жүз)
213	Мәметова көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2042	200 (екі жүз)
214	Мәметова көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2043	200 (екі жүз)
215	Мәметова көшесі (Назарбаев даңғылынан Пушкин көшесіне дейін)	6047	200 (екі жүз)
216	Сейфуллин даңғылы (Абай даңғылынан Қабанбай батыр көшесіне дейін)	2017	200 (екі жүз)
217	Сейфуллин даңғылы (Қабанбай батыр көшесінен Бөгенбай батыр көшесіне дейін)	2008	200 (екі жүз)
218	Сейфуллин даңғылы (Төле би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
219	Сейфуллин даңғылы (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	2046	200 (екі жүз)
220	Сейфуллин даңғылы (Төрекұлов көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейін)	2042	200 (екі жүз)
221	Наурызбай батыр көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Абай даңғылына дейін)	2017	200 (екі жүз)
222	Наурызбай батыр көшесі (Төле би көшесінен Қабанбай батыр көшесіне дейін)	2008	200 (екі жүз)
223	Наурызбай батыр көшесі (Гоголь көшесінен Төле би көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
224	Наурызбай батыр көшесі (Мақатаев көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	2046	200 (екі жүз)
225	Наурызбай батыр көшесі (Райымбек батыр даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін)	2042	200 (екі жүз)
226	Чайковский көшесі (Жібек жолы даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін)	2046	200 (екі жүз)
227	Абылай хан даңғылы (Абай даңғылынан Қабанбай батыр көшесіне дейін)	2018	200 (екі жүз)
228	Абылай хан даңғылы (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	2007	200 (екі жүз)
229	Абылай хан даңғылы (Төле би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	2006	200 (екі жүз)
230	Абылай хан даңғылы (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	2047	200 (екі жүз)
231	Төлебаев көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	6058	200 (екі жүз)
232	Төлебаев көшесі (Мақатаев көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейін)	6047	200 (екі жүз)
233	Қонаев көшесі (Абай даңғылынан Қабанбай батыр көшесіне дейін)	6014	200 (екі жүз)
234	Қонаев көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	6013	200 (екі жүз)
235	Қонаев көшесі (Төле би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	6011	200 (екі жүз)
236	Қонаев көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	6058	200 (екі жүз)
237	Қонаев көшесі (Мақатаев көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейін)	6047	200 (екі жүз)
238	Достық даңғылы (Абай даңғылынан Қабанбай батыр көшесіне дейін)	6015	200 (екі жүз)
239	Достық даңғылы (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	6012	200 (екі жүз)
240	Зенков көшесі (Абай даңғылынан Қабанбай батыр көшесіне дейін)	6015	200 (екі жүз)
241	Пушкин көшесі (Абай даңғылынан Қабанбай батыр көшесіне дейін)	6014	200 (екі жүз)
242	Пушкин көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	6013	200 (екі жүз)
243	Есенов көшесі (Мақатаев көшесінен Мәметова көшесіне дейін)	6047	200 (екі жүз)
244	Зенков көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	6012	200 (екі жүз)
245	Зенков көшесі (Қазыбек би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	6011	200 (екі жүз)
246	Бұзырбаев көшесі (Әйтеке би көшесінен Жібек жолы даңғылына дейін)	6002	200 (екі жүз)
247	Достық даңғылы (Жолдасбеков көшесінен Ньютон көшесіне дейін)	6021	200 (екі жүз)
248	Достық даңғылы (Әл-Фараби даңғылынан Ньютон көшесіне дейін)	6020	200 (екі жүз)
249	Жолдасбеков көшесі (Меңдіқұлов бульварынан Достық даңғылына дейін)	6021	200 (екі жүз)
250	Меңдіқұлов Бульвары (Қажымұқан көшесінен Жолдасбеков көшесіне дейін)	6021	200 (екі жүз)
251	Панфилов көшесі (Әл-Фараби даңғылынан Ганди көшесіне дейін)	4006	200 (екі жүз)
252	Жібек жолы даңғылы (Пушкин көшесінен Қалдаяқов көшесіне дейін)	6547	200 (екі жүз)
253	Мақатаев көшесі (Пушкин көшесінен Қалдаяқов көшесіне дейін)	6547	200 (екі жүз)
254	Пушкин көшесі (Гоголь көшесінен Жібек жолы даңғылына дейін)	6001	200 (екі жүз)
255	Пушкин көшесі (Жібек жолы даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін)	6547	200 (екі жүз)
256	Пушкин көшесі (Райымбек батыр даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін, батыс жағы)	6047	200 (екі жүз)
257	Достық даңғылы (Гоголь көшесінен Жібек жолы даңғылына дейін)	6547	200 (екі жүз)
258	Зенков көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	6547	200 (екі жүз)
259	Әуезов көшесі (Шевченко көшесінен Абай даңғылына дейін)	2014	200 (екі жүз)
260	Әуезов көшесі (Қ.Сәтбаев көшесінен Жандосов көшесіне дейін)	4028	200 (екі жүз)
261	Әуезов көшесі (Жандосов көшесінен Тимирязев көшесіне дейін)	4002	200 (екі жүз)
262	Қабанбай батыр көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2017	200 (екі жүз)
263	Қабанбай батыр көшесі (Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	2018	200 (екі жүз)
264	Бөгенбай батыр көшесі (Желтоқсан көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2008	200 (екі жүз)
265	Бөгенбай батыр көшесі (Назарбаев даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2007	200 (екі жүз)
266	Қазыбек би көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
267	Қазыбек би көшесі (Қалдаяқов көшесінен Абдуллиндер көшесіне дейін)	6002	200 (екі жүз)
268	Әйтеке би көшесі (Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
269	Мауленов көшесі (Абай даңғылынан Шевченко көшесіне дейін)	2017	200 (екі жүз)
270	Мауленов көшесі (Бөгенбай батыр көшесінен Қарасай батыр көшесіне дейін)	2008	200 (екі жүз)
271	Чайковский көшесі (Қарасай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	2008	200 (екі жүз)
272	Чайковский көшесі (Қазыбек би көшесінен Әйтеке би көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
273	Чайковский көшесі (Мәметова көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейін)	2042	200 (екі жүз)
274	Желтоқсан көшесі (Райымбек батыр даңғылынан Тузов көшесіне дейін)	5033	200 (екі жүз)
275	Бәйсейітова көшесі (Жамбыл көшесінен Шевченко көшесіне дейін)	2018	200 (екі жүз)
276	Бәйсейітова көшесі (Гоголь көшесінен Жібек жолы даңғылына дейін)	2047	200 (екі жүз)
277	Панфилов көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	2047	200 (екі жүз)
278	Панфилов көшесі (Мақатаев көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейін)	2043	200 (екі жүз)
279	Уәлиханов көшесі (Гоголь көшесінен Жібек жолы даңғылына дейін)	6001	200 (екі жүз)
280	Қалдаяқов көшесі (Қарасай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	6012	200 (екі жүз)
281	Қалдаяқов көшесі (Төле би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	6002	200 (екі жүз)
282	Абдуллиндер көшесі (Бөгенбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	6012	200 (екі жүз)
283	Абдуллиндер көшесі (Төле би көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	6002	200 (екі жүз)
284	Қайырбеков көшесі (Әйтеке би көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	6002	200 (екі жүз)
285	Абай даңғылы (Алтынсарин даңғылынан Янтарная көшесіне дейін)	3056	200 (екі жүз)
286	Абай даңғылы (Янтарная көшесінен Алтынсарин даңғылына дейін)	3056	200 (екі жүз)
287	Алтынсарин даңғылы (Абай даңғылынан Ұлықбек даңғылына дейін)	3049	200 (екі жүз)
288	Б.Момышұлы көшесі (Маргұлан көшесінен Ұлықбек даңғылына дейін)	3044	200 (екі жүз)
289	Жұбанов көшесі (Б.Момышұлы көшесінен Саин көшесіне дейін)	3048	200 (екі жүз)
290	Төле би көшесі (Прокофьев көшесінен Тұрғыт Өзал көшесіне дейін)	2021	200 (екі жүз)
291	Төле би көшесі (Наурызбай батыр көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін)	2005	200 (екі жүз)
292	Сейфуллин даңғылы (Мәметова көшесінен оңтүстікте)	2041	200 (екі жүз)
293	Абай даңғылы (Достық даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін)	6014	200 (екі жүз)
294	Абай даңғылы (Назарбаев даңғылынан Достық даңғылына дейін)	6021	200 (екі жүз)
295	Абай даңғылы (Бәйсейітова көшесінен Назарбаев даңғылына дейін)	4005	200 (екі жүз)
296	Абай даңғылы (Сейфуллин даңғылынан Наурызбай батыр көшесіне дейін)	4004	200 (екі жүз)
297	Абылай хан даңғылы (Райымбек батыр даңғылынан Тузов көшесіне дейін)	5033	200 (екі жүз)
298	Васнецов көшесі (Прокофьев көшесінен Тұрғыт Өзал көшесіне дейін)	2021	200 (екі жүз)
299	Брусиловский көшесі (Төле би көшесінен Қарасай батыр көшесіне дейін)	2021	200 (екі жүз)
300	Тұркебаев көшесі (Төле би көшесінен Қарасай батыр көшесіне дейін)	2021	200 (екі жүз)
301	Панфилов көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін)	2006	200 (екі жүз)
302	Панфилов көшесі (Төле би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	2007	200 (екі жүз)
303	Жібек жолы даңғылы (Абдуллиндер көшесінен Бәрібаев көшесіне дейін)	6002	200 (екі жүз)
304	Әйтеке би көшесі (Қалдаяқов көшесінен Бәрібаев көшесіне дейін)	6002	200 (екі жүз)
305	Жамбыл көшесі (Розыбакиев көшесінен Гагарин даңғылына дейін)	2013	200 (екі жүз)
306	Радостовец көшесі (Шевченко көшесінен Қабанбай батыр көшесіне дейін)	2013	200 (екі жүз)
307	Жароков көшесі (Бұқар жырау Бульварынан Тимирязев көшесіне дейін)	4001	200 (екі жүз)
308	Станкевич көшесі (Аймауытов көшесінен Шолохов көшесіне дейін)	8046	200 (екі жүз)
309	Чернышевский көшесі (Станкевич көшесінен Ақан сері көшесіне дейін)	8046	200 (екі жүз)
310	Молдағалиев көшесі (Ақан сері көшесінен Ғанибет көшесіне дейін)	8046	200 (екі жүз)
311	Байтұрсынов көшесі (Абай даңғылынан Құрманғазы көшесіне дейін)	2016	200 (екі жүз)
312	Байтұрсынов көшесі (Қазыбек би көшесінен Гоголь көшесіне дейін)	2004	200 (екі жүз)
313	Байтұрсынов көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	2044	200 (екі жүз)
314	Байтұрсынов көшесі (Тимирязев көшесінен солтүстікте, қалалық полиция қызметі маңында)	4006	200 (екі жүз)
315	Мақатаев көшесі (Байтұрсынов көшесінен Масанчи көшесіне дейін)	2045	200 (екі жүз)
316	Мақатаев көшесі (Масанчи көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2045	200 (екі жүз)
317	Масанчи көшесі (Абай даңғылынан Қ.Сәтбаев көшесіне дейін)	4004	200 (екі жүз)
318	Гоголь көшесі (Байтұрсынов көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2004	200 (екі жүз)
319	Амангелді көшесі (Төле би көшесінен Қазыбек би көшесіне дейін)	2004	200 (екі жүз)
320	Масанчи көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	2045	200 (екі жүз)
321	Амангелді көшесі (Гоголь көшесінен Мақатаев көшесіне дейін)	2045	200 (екі жүз)
322	Шевченко көшесі (Байтұрсынов көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2016	200 (екі жүз)
323	Құрманғазы көшесі (Байтұрсынов көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2016	200 (екі жүз)
324	Қабанбай батыр көшесі (Масанчи көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2009	200 (екі жүз)
325	Қарасай батыр көшесі (Байтұрсынов көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін)	2009	200 (екі жүз)
326	Бөгенбай батыр көшесі (Сейфуллин даңғылынан Байтұрсынов көшесіне дейін)	2009	200 (екі жүз)
327	Қазыбек би көшесі (Масанчи көшесінен Сейф

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 18 қыркүйектегі №354 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 23 қыркүйекте №230265 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2026 жылғы 18 қыркүйектегі №354

Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі арнаулы алаңдарға, тұрақтарға көлік құралдарын жеткізгені (эвакуациялағаны) және уақытша сақтағаны үшін төлемақы мөлшерін айқындау туралы

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі арнаулы алаңдарға, тұрақтарға көлік құралдарын жеткізгені (эвакуациялағаны) және уақытша сақтағаны үшін төлемақы мөлшері айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 18 қыркүйектегі №354 шешіміне қосымша

Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі арнаулы алаңдарға, тұрақтарға көлік құралдарын жеткізгені (эвакуациялағаны) және уақытша сақтағаны үшін төлемақы мөлшері

1. Коммуналдық меншіктегі арнайы алаңдарға, тұрақтарға көлік құралдарын жеткізгені (эвакуациялағаны) үшін төлемақы тарифі – 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш (әрі қарай – АЕК).

2. Коммуналдық меншіктегі арнайы алаңдарда, тұрақтарда көлік құралдарын уақытша сақтау үшін төлемақы тарифі:

Көлік құралының санаты	Алғашқы тәулік*	Кейінгі тәуліктер*
L1, L3 (Екі дөңгелекті көлік құралдары)	1 АЕК	2 АЕК
L2, L4, L5, L6, L7 барлық түрлері		
(Үш дөңгелекті көлік құралдары, квадрацикл)	1,5 АЕК	3 АЕК
M 1 барлық түрлері (жеңіл автомобильдер)	2,5 АЕК	5 АЕК
N1 (Жүкті тасымалдауға арналған, техникалық рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3,5 тонна аспайтын көлік құралдары)	3,5 АЕК	7 АЕК
O1 (Техникалық рұқсат етілетін ең жоғары салмағы 0,75 тонна аспайтын тіркемелер)	2 АЕК	4 АЕК
O2 (Техникалық рұқсат етілетін ең жоғары салмағы 0,75 тонна астам, бірақ 3,5 тонна аспайтын тіркемелер)	3,5 АЕК	7 АЕК
3,5-12 тонны көлік құралдарының барлық түрлері	4 АЕК	8 АЕК
12 тонна асатын көлік құралдарының барлық түрлері	4 АЕК	8 АЕК

* Тәуліктер деп осы қосымшада Жол жүрісі қағидаларында реттелмеген бөлікте Алматы қаласында жол жүрісін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жасалатын көлік құралын қабылдау-беру актісінде көрсетілген күннен және уақыттан бастап есептелетін қатарынан 24 сағат түсініледі.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 18 қыркүйектегі №356 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 28 қыркүйекте №230369 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2026 жылғы 18 қыркүйектегі №356

Ерекше қорғалатын табиғи аумаққа көлік құралдарының кіруіне шектеу енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 208-бабының 4-тармағына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Электр қозғалтқышындағы көлік құралдарынан (электромобильдерден), арнайы техникадан және коммуналдық, жедел көлік құралдарынан басқа, Шымбұлақ шатқалының ерекше қорғалатын табиғи аймағына көлік құралдарының және шұғыл қызметтер, сондай-ақ осы аймақта тұратын жеке тұлғаларға тиесілі көлік құралдары кіруін шектеу.

Демалыс және мереке күндері осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу электр қозғалтқышындағы көлік құралдарына (электромобильдерге) да қолданылады.

2. «Алматы қаласы мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО өндірістік департаментінің Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдарына қатысты Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 9 қазаннан бастап 20 жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде өтеді, https://ndbecology.gov.kz.

Жобаны әзірлеуші: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Юлия Нестерова, e-mail: u.nesterova@knep.kz, 8 701 210 98 00.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қазақстан Республикасының қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және Алматы қаласының Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=38378&lang=ru, «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

ИНКЛЮЗИЯ

Шахмат турнирі өтті

Алматыда шахмат тақтасының басына мүмкіндігі шектеулі спортшылар мен шахмат әуесқойлары жиналды. «Infinity Chess Cup Almaty 2026» инклюзивті шахмат турниріне есту және көру қабілеті бұзылған, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты зақымданған азаматтар бақ сынады.

Турнир швейцариялық жүйе бойынша жеті тур бойынша өтті. Әр партияға 15 минут уақыт беріліп, әр жүріс сайын ойын уақытына 5 секунд қосылды. Турнирдің жалпы жүлде қоры 1 миллион теңгені құрады. Іс-шараны Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен «Funduk Life» қоры бірлесіп ұйымдастырды.

Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Бикет Жароковтың айтуынша, инклюзивті шахмат бағыты еліміз де жыл сайын дамып келеді. Алматыдағы жарыс осы бағыттағы екінші турнир. Ал алғашқы турнир Астанада ұйымдастырылған.

– Бұл бағыттағы турнирлерді біз жыл сайын өткізуге тырысамыз. Былтыр алғашқы жарыс Астанада өтті, биыл Алматыда жалғасын тауып отыр. Соңғы үш жылда Қазақстанда шахматқа деген қызығушылық айтарлықтай артты. Балалар, әйелдер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар яғни барлығының арасында шахматты дамытуға басымдық беріліп келеді, – деді Б.Жароков.

Оның сөзінше, мұндай жарыстардың мақсаты – шахматты белгілі бір топқа ғана тиесілі спорт түрі ретінде қарамай, оны баршаға қолжетімді ету.

Турнирде бұл пікірді қатысушылардың өздері де дәлелдеді. Солардың бірі – шахматшы Алибек Тоқабаев. Ол белсенді кәсіби мансабын аяқтағанымен, шахмат тақтасынан алыстаған жоқ. Қазір ойынды әуесқой деңгейде жалғастырып жүр.

– Мұндай турнирлер бізге өте қажет. Әсіресе, бәріміз бірге ойнап, өз деңгейімізді сынау маңызды. Сонымен қатар, бірлесіп ойнау мәдениетін, инклюзия мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Әсіресе, жас шахматшылардың дені сау адамдар арасындағы турнирлерге қатысуына жағдай жасалғаны дұрыс, – дейді ол. Алибектің айтуынша, шахматтың басқа спорт түрлерінен ерекшелігі де осында. Мұнда дене мүмкіндігінен гөрі ойыншының ойлау қабілеті мен стратегиясы маңызды.

– Шахмат – жүзу немесе жеңіл атлетика сияқты спорт түрлерінен ерекшеленеді. Мұнда біз барлығымен бірге жарыса аламыз. Сондықтан мүмкіндігінше қарапайым, яғни ашық турнирлерге қатысуға тырыстым, –дейді ойынға қатысушы.

Infinity Chess Cup Almaty 2026 осы тұрғыдан алғанда шахматтың адамдарды біріктіретін ортақ алаңға айнала алатынын көрсетті. Мұнда басты назар қатысушының мүмкіндігіне емес, оның тақта үстіндегі шешіміне ауады.

БЕССАЙЫС

Тарихи белесті бағындырды



Жапонияның Айти-Нагоя қаласында өткен XX жазғы Азия ойындарынан бессайысшылар елге оралды. Жеңіспен оралған спортшыларды Алматы жұртшылығы әуежайдан ыстық ықыласпен қарсы алды. Темірлан Әбдірайымов, Лев Чувашев және Валерий Тихон сынды жеңімпаздардың құшағы гүлге, жүздері күлкіге толды.

Қазақстанның ерлер құрамасы қазіргі бессайыстан командалық есепте 4647 ұпай жинап, Азия ойындарының қола жүлдесін еншіледі. Ең бастысы, бұл – қазақстандық бессайысшылардың 16 жылдан кейін қайтадан жүлде тұғырына көтерілуі.

Үш спортшының нәтижесі командалық есепке түсті. Темірлан Әбдірайымов жекелей сында жетінші орын алса, Валерий Тихон тоғызыншы, Лев Чувашев 13-орынға тұрақтады.

–Жарысқа дейін бірнеше оқужаттығу жиынын өткіздік. Таразда, Қытайда дайындалдық, әлем чемпионатына қатысып, содан кейін Азия ойындарына бардық. Барынша жақсы нәтиже көрсетуге тырыстық, мұнымен тоқтап қалмаймыз, алда бұдан да биік белеске жетуге мүмкіндік бар. Тек алға ұмтыламыз, – деді Темірлан Әбдірайымов.

Спортшылардың айтуынша, жарыс жолы оңай болмаған. Бір жыл бойы негізгі додаға бағытталған дайындық кезінде жарақаттар да кездескен. Соған қарамастан, команда мүшелері өзара қолдау көрсетіп, соңына дейін күресті.

Қазіргі бессайыстың ерекшелігі – спортшы бірнеше бағытта қатар сыналады. Жүзу, семсерлесу, кедергілер жолағы, жүгіру мен нысана көздеуді қамтитын laser run кезеңдерінде жылдамдықпен бірге дәлдік пен төзім де қажет. Биыл спортшылар үшін кедергілер жолағы да маңызды сынақ болды.

– Кедергілер жолағы біз үшін жаңа спорт түрі. Бірақ оның жастарға берері көп. Шапшаң әрі мықты спортшыларға мүмкіндік ашылды. Мұнда физикалық дайындықпен қатар, психологиялық тұрғыдан да мықты болу керек. Кім еңбектенсе, соның нәтижесі болады, – деді Лев Чувашев.

Жарыстың соңғы кезеңдерінде спортшыларға психологиялық салмақ та түсті. Валерий Тихон үшін финалдың ең күрделі тұсы да осы болды.

– Жарыстың соңына қарай психологиялық тұрғыдан қиын болды. Жүлдеге бір қадам қалғанын сезесің. Сол кезде өзіңді ұстай білу керек. Басты міндетіміз – қысымға берілмей, соңына дейін жұмыс істеу еді. Оны орындай алдық деп ойлаймын, – деді ол.

Алматы әуежайында спортшыларды қарсы алған жақындары үшін бастысы – медальдің түсі емес, елге олжамен оралған үш спортшының амандығы мен қуанышы еді. 16 жыл күткен жүлде енді Алматыға жетті.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы **Абдухалил ЖАЛИЛОВ** тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі: тел.: 248-60-08.

E-mail: **almatyaqparat@gmail.com**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы – **Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы – **Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор – **Куаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел.: 248-49-55. E-mail: **rekalmatyaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: **rekalmatyaqparat@gmail.com** тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 (WhatsApp) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail: **almatyaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ»

Кеше, «Алматы ақшамы» ұжымындағы әріптестеріміз марапатпен марқайды. Қазақ журналистикасына ұзақ жыл еңбек етіп, өз қолтаңбасымен танылған Айнабай Мәдиев «Ақпарат саласының үздігі» атанды.

Марапат иесі журналистикаға жол ортадан қосылған жан емес-ті. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың Журналистика факультетін бітіріп, осы саланың қызығы мен шыжығын қатар кешіп келеді. Бірнеше басылымда еңбек етіп, ортасына беделді, оқырманына сыйлы болды. Қаламы қарымды, ойы ұтқыр Айнабай Қыдырбайұлы қоғамдағы өткір мәселелерді дер кезінде көтере білді. Басылымның бағын ашатын, оқырманы іздеп жүріп оқитын журналистердің қатарынан орын алды. Еткен еңбегі мен төккен тері текке кеткен жоқ, журналистиканың қара нарына айналды.

Қандай қиындыққа кездессе де, қолынан қаламы түспеген әріптесіміздің «Ақпарат саласының үздігі» атанғаны біз үшін ғана емес, барша оқырман үшін де үлкен қуаныш.

Сонымен қатар, газетіміздің фото-тілшісі Самат Құсайынов пен бөлім редакторы Гүлжанат Сембаева Алматы қаласы әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Марапат иелерін шын жүректен құттықтаймыз! Қаламдарыңыз жорғасынан жаңылмасын! Еңбектеріңіз жана берсін!

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

ӨНЕРДЕГІ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛ

Алматы қаласы музейлер бірлестіне қарасты Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісованың мерейтойлық «Ән қанатындағы Алматы» деп аталатын шығармашылық кеші өтті. Кеш барысында өнер иесінің шығармашылық жолы, Алматы қаласымен сабақтасқан өмір белестері мен ұлттық өнерге сіңірген еңбегі кеңінен таныстырылды.



Айтулы іс-шара аясында Сәуле Жанпейісованың өнердегі өнегелі жолынан сыр шертетін арнайы көрме ұйымдастырылды. Көрме өнер иесінің сан жылдық шығармашылық еңбегін, кәсіби ізденісін және ұлттық музыка өнеріне қосқан үлесін таныстатын құнды жәдігерлермен толықтырылды. Көрме төрінен әншінің сахналық бейнесімен біте қайнасқан үш жиынтық сахналық киімі орын алды. Бұл бұйымдар сахна мәдениеті мен ұлттық эстетиканың үйлесімін танытатын өнерпаздың шығармашылық келбетінің бір бөлшегі.

Көрмеде өнер иесінің еңбегі мен мәртебесін айғақтайтын марапаттары мен ресми құжаттары қойылды. Атап айтқанда, өнердегі жетістіктері үшін берілген 16 медаль, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» медалі мен куәлігі, «Парасат» ордені мен кітапшасы, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының медалі мен құттықтаулары және тәуелсіздік куәлігі, «Құрметті профессор» атағын растайтын құжат, Шыңғыс Айтматов орденінің куәлігі және өзге де ресми құжаттар қойылды.

Ал кеш шымылдығы Сәуле Жанпейісованың жетекшілігіндегі «Аманат» өнер орталығының шәкірттері орындаған «Халәулім-ай» және «Домбыра» халық әндерімен ашылды. Кештің тарихи сәттерінің бірі Сәуле Жанпейісова өзінің талай жыл бойы шығармашылық серігі болған жеке домбырасын «Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығына» табыстады. Қасиетті қара домбыраның мәдениет ордасына берілуі өнер иесінің шығармашылық жолындағы қастерлі дүниені кейінгі ұрпаққа аманаттауының символдық көрінісі іспеттес.

Кешке бүгінгі қазақ өнеріне өзіндік қолтаңбасымен танылған ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ардақ Исатаева, мәдениет саласының үздігі Эльза Қарабалина, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Мейрамгүл Орашева, ақын Маралтай Райымбекұлы қатысты. Шығармашылық кешті Күнқожа Қайруллаев жүргізді. Сондай-ақ, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның Халық әні кафедрасының меңгерушісі Әділет Мұса өздерінің ізгі тілектерін білдіріп, әннен шашу шаша келді.

Кеш барысында Маралтай Райымбекұлының сөзіне жазылған Сәуле Жанпейісованың «Күз. Алматы» әнінің тұсауы кесілді. Қос талант Алматының көркем келбетін, күзгі табиғатын және туған қалаға деген ыстық ықыласты әуезді әнмен жеткізді.

Кеште Сәуле Жанпейісованың алғаш орындалған ән-термелерімен бірге, «Наурызбек термесі», «Махамбет», «Қыз», «Айнамкөз» секілді шығармалар орындалды. Қорыта айтқанда, Сәуле Жанпейісованың «Ән қанатындағы Алматы» кеші қазақ әні мен домбыра өнерін, ұстаз бен шәкірт сабақтастығын, Алматының мәдени шежіресін тоғыстырған рухани кездесу болды.

Рая ЕСКЕНДІР.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

Дүмпуге дүрлікпейік!

Апта басында Алматыда жер сілкінісі тіркелді. ҚР ТЖМ Сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ұлттық ғылыми орталығының (СБЗҰҒО) мәліметінше, мегаполисте сейсмикалық әсердің есептік қарқындылығы 3-4 балл, Қарасай ауданында 2-3 балл болды.

Ал қала тұрғындарының ұялы телефондарына ерте ескерту жүйесінің хабарламасы келді.

– Назар аударыңыз! Қарқындылықпен жер сілкінісі болды. Келесі нұсқауларға дейін ашық кеңістікте болыңыз! Ғимараттың зақымдануы немесе өртене бастауы анықталған жағдайда төтенше жағдайлар департаментінің жедел желісіне телефон арқылы хабарлауыңызды сұраймыз (279-22-32). Егер сіз ғимаратта қалып қойған болсаңыз, сабырлық сақтаңыз, сенім телефон арқылы орналасқан жеріңіз туралы хабарлаңыз! Қосымша ақпараттар ТЖД мен Алматы қаласы әкімдігінің сайттары мен әлеуметтік желілерінде, – делінген хабарламада.

Бұл жағдайға байланысты ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ мамандары өзен арналарын, гидротехникалық құрылыстарды, көшкін қауіпті және сел қауіпті учаскелерді зерттеу бойынша мониторинг жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша зақымдану табылған жоқ. Қираулар мен зардап шеккендер туралы мәлімет түспеген.

Сондай-ақ, жер сілкінісінен кейін ҚР ТЖМ СБЗҰҒО комиссиясы геофизикалық, сейсмологиялық, гидрохимиялық, гидродинамикалық және басқа да бақылаулардың деректерін талдады. Мамандар болған жер сілкінісін фондық сейсмикалық белсенділіктің көріністеріне жатқызады. Алматыда қазіргі сейсмикалық жағдай тұрақты деп бағаланды. ҚР ТЖМ СБЗҰҒО комиссиясының бағалауынша, Алматы болжамдық аумағында жойқын жер сілкінісін күтуге негіз жоқ.

Жер дүмпуі алматылықтар үшін таңсық жағдай болмаса да, табиғаттың бұл құбылысы әрдайым қоғамда кеңінен талқыланады. Әлеуметтік желілерде қала тұрғындары Жер-ананың бұл мінезінен кейін өз ой-әсерлерімен бөлісті. Мәселен, Шапағат Беріккызы есімді тұрғын былай деді: «Туылғаннан Алматыда тұрамын, бірақ мынандай біртүрлі жер сілкінісін бірінші рет көруім. Бір тепкендей болды». Ал келесі азамат Threads желісінде мынандай пікір қалдырған: «Әдетте жер сілкіну тау жақта болатын еді. Бұл жолы ошағы Боралдай деп көрсетіп тұр. Қызық, кім сезді?» деп жазды Нұрлыбек Жайлау.

«Алматыда екінші рет қатты жер сілкініп жатыр. 9-қабатта қатты сезілді. Қорқып кеттім» делінген Айжан Дүйсен есімді тұрғын жазбасында. Одан бөлек, Юлия Тен өз пікірін білдірген: «Алматылықтар, сіздерге бүгінгі жер сілкінісі басқаларына қарағанда біртүрлі болып сезілген жоқ па? Шағын соққы, жер астында бірнәрсе жасанды жолмен жарылғандай...» деп жазды ол.

Дегенмен, дүмпу кезінде анықталмаған ақпараттарды жариялау мен қоғамды алыпқашпа пікірлермен алаңдатудың салдары болатынын да ескерген жөн. Осы аптадағы жер сілкінісі қауіпті деңгейде болмаса да оның ақпарат кеңістігіндегі дүбірі бірнеше күнге созылғаны байқалады. Тіпті, «қалада тұрғын үй бағасы арзандауы мүмкін» деген де расталмаған болжамдар жасалып жатты. Бұл бізге жер дүмпуінен көрі жұртты дүрліктіретін ақпараттың салдары салмақты болатынын тағы бір рет көрсеткендей.

Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары жер сілкінісі кезінде келесі 10 қадамды есте сақтау қажет екенін еске салды:

1. Жер дүмпуі кезінде үрейленбеңіз;

2. Жер сілкіну кезінде лифт және баспалдақты қолданбаңыз;

3. Жиһаздан, терезеден ары тұрыңыз;

4. Жасырынатын жерді табыңыз – жоғарғы қабаттарда негізгі іргелі қабырғалардың бұрышында орын алып жасырыңыз;

5. Ғимараттан шығыңыз (төменгі қабаттарда);

– көпқабатты үйлерде жер сілкінісі аяқталған соң ғимараттан шығыңыз;

6. Кетер алдында суды, газды, электр қуатын мүмкіндігіңізше өшіріңіз;

7. Дабыл жол сандығын алыңыз (алдын ала дайындау қажет);

8. Электр желілерден, ғимарат, ағаштардан аулақ болыңыз;

9. Жер сілкінуіне дайын болыңыз;

10. Қарт адамдарға, балаларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетіңіз.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 500,77 теңге | $ USD/KZT 440,86 теңге | ₽ RUB/KZT 5,27 теңге | ¥ CNY/KZT 65,76 теңге